

81.632.42-32(5K)

У48

С.Қ. Иманбердиева
Ж.А. Ағабекова

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІ

(түр, түсіндірме, құрылым, рәсімдеу)

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



71.02.2020 (ЕК)

Н48



Н47

С.Қ. Иманбердиева
Ж.А. Ағабекова

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Н39305



УДК 811.512.122
ББК 81-2

Назарбаев Университеті Қазақ тілі және түркітану департаментінің
Ғылыми кеңесі (Executive Committee) ұсынған.

Оқу құралы Назарбаев университеттің «Латын әліпбіне негізделген қазақстандық топонимдерді стандартауды мен унификациялауды зерттеу» ғылыми жобасы негізінде орындалды

Пікір жазғандар: филол. ғыл. докторы Ш. Құрманбайұлы
 филол. ғыл. кандидаты А. Әлімхан

Им 48 Иманбердиева С.К., Ағабекова Ж.А. Ақмола облысы топонимдері (түр, түсіндірme, құрылым, рәсімдеу) Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 130 бет.

ISBN 978-601-08-0303-9

Бұл оқу қуралында Ақмола облысының топонимдері бойынша толық ақпарат берілген. Оқу қуралының ерекшелігі: топоним түрлері, қалыптасу уәжі, құрылымы, рәсімдеу маселелері қамтылған, сонымен бірге ора тарауда нақты сұрақтар мен тапсырмалар көлтірілген. Оқу құралы төрт тараудан, үш қосымшадан тұрады. Берілген алғашқы еki қосымшада топонимдердің құрылымы және топонимдердің тілдік қабаттары (субстрат) бойынша ақпарат кестелер түрінде көлтірілген. Оқу қуралының жаңашылығы - соңғы қосымшада ар тарау бойынша ар түрлі пішінде (сөзжумбак, кім миллионды үтып алады, пазлды құрастыр т.б.) «learning apps» форматында интерактивті тапсырмалар берілген. Сонымен бірге, ар тарауда қарастырылатын ономастикалық терминдер оқу қуралының басында берілген анықтамалықта тоды). Қашылған.

Оқу құралы филология саласындағы зерттеушілер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жалпы оқырман қауымға, ономастикага қызығушылық танытушыларға, қазақ тілін үйренушілерге арналған.

УДК 811.512.122
ББК 81-2

ISBN 978-601-08-0303-9

©Назарбаев университеті, 2021

Мазмұны

АЛФАСӨЗ	5
АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
KIPIСПЕ	8
I ТАРАУ	
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРИНІҢ ТҮРЛЕРІ	10
1.1 Ақмола облысы топонимдерінің түрлері	10
1.1.1 Ойконимдер	15
1.1.1.1 Комонимдер	15
1.1.1.2 Астионимдер	22
1.1.2 Гидронимдер	23
1.1.2.1 Лимонимдер	23
1.1.2.2 Гелионимдер	24
1.1.3 Оронимдер	25
1.1.4 Некронимдер	26
1.1.5 Дромонимдер	26
1.1.6 Дримонимдер	27
II ТАРАУ	
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ	29
2.1 Лексика-семантикалық түсіндірме	29
2.1.1 Ойконимдердің қалыптасу уәжі	31
2.1.1.1 Комонимдердің қалыптасу уәжі	31
2.1.1.2 Астионимдердің қалыптасу уәжі	42
2.1.2 Гидронимдердің қалыптасу уәжі	43
2.1.2.1 Лимонимдердің қалыптасу уәжі	43
2.1.2.2 Гелионимдердің қалыптасу уәжі	44
2.1.3 Оронимдердің қалыптасу уәжі	44
2.1.4 Некронимдердің қалыптасу уәжі	47
2.1.5 Дромонимдердің қалыптасу уәжі	47
2.1.6 Дримонимдердің қалыптасу уәжі	47
III ТАРАУ	
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУ	49
3.1 Ойконимдердің құрылымы	59
3.1.1 Комонимдердің құрылымы	59
3.1.2 Астионимдердің құрылымы.....	61

Ақмола облысы топонимдері

3.2 Гидронимдердің құрылымы	62
3.2.1 Лимнонимдердің құрылымы	62
3.2.2 Гелионимдердің құрылымы	63
3.3 Оронимдердің құрылымы	64
3.4 Некронимдердің құрылымы	65
3.5 Дромонимдердің құрылымы	65
3.6 Дримонимдердің құрылымы	66
IV ТАРАУ	
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН РӘСІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	68
4.1 Гидронимдерді әсімдеу үлгісі	69
4.1.1 Гелионимдерді әсімдеу үлгісі	69
4.1.2 Лимнонимдерді әсімдеу үлгісі	69
4.1.3 Потамонимдерді әсімдеу үлгісі	70
4.2 Дримонимдерді әсімдеу үлгісі	70
4.3 Дромонимдерді әсімдеу үлгісі	70
4.4 Инсулонимдерді әсімдеу үлгісі	71
4.5 Некронимдерді әсімдеу үлгісі	71
4.6 Ойконимдерді әсімдеу үлгісі	71
4.6.1 Астионимдерді әсімдеу үлгісі	71
4.6.2 Комонимдерді әсімдеу үлгісі	71
4.7 Оронимдерді әсімдеу үлгісі	72
4.7.1 Спелеонимдерді әсімдеу үлгісі	73
Тараулар бойынша сұрақтар	74
Тараулар бойынша тапсырмалар	74
Жағдаяттық тапсырмалар	75
Ақмола облысы топонимдері бойынша интерактивті тапсырмалар (learning apps)	75
ҚОРЫТЫНДЫ	78
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	80
Қосымша А Ақмола облысы топонимдерінің құрылымы	80
Қосымша Ә Ақмола облысы топонимдерінің субстраттық қабаты	80

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі кезде ономастикаға деген қызығушылық артып келеді, алайда нағыз ономаст мамандар жоқтың қасы. Тіл білімінің ономастика саласы арнағы мектепте, жоғары оқу орнында пән ретінде оқытылмайды, тек курс негізінде оқытылады. Дегенмен осы бағытта ғылыми диссертация қорғағандар саны саусақпен санағылыштай. Ономастиканың түрлері ауқымды, тарих, саясат, ауылшаруашылық, география, тіл, әдебиетті қамтитын, өз терминологиясы қалыптасқан, өзінің ішкі заңдылықтары айқындалған ең күрделі сала екендігін ескерсек бұл түсінікті де. Сондықтан да осы қызықты саланы курс деңгейінде оқыту үшін оқулықтар, оқу құралдары әзірлененү қажет. Бұл бағытта ономаст-ғалымдар еңбектерін жарыққа шығаруда.

Бір облыс деңгейінде ономастиканың өзектік шегін құрайтын бір түрі - топонимдер негізінде ғылыми ақпаратпен бөлісіп, мультимедиялық, интерактивті тапсырмалар әзірлеу маңызды іс.

Ақмола облысы топонимдері негізінде әзірленген бұл оқу құралында топонимдер туралы ақпарат барынша қамтылған, олардың зерттелуі, түрлері, лексика-семантикалық таптастырылуы, құрылымы, расімделу сияқты мәселелері ғылыми мен практикалық тұстары ұштастырылып берілген. Сонымен бірге оқу құралында берілген ғылыми ақпарат бойынша сұрақтар мен тапсырмалар әзірленген. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізге негізделген жағдаяттық тапсырмалар мен викториналық сұрақтар, қазіргі замануи талаптарға сай Learningapps алаңы негізінде «миллионды ұтып ал», «кім үткір» т.б. тапсырмалар әзірленді.

Мұның өзі білім алушылардың мейлінше тақырыпқа бойлай еркін ойымен бөлісіп, топпен де, жеке де үтқырлығын, білімін шындаі түсуге мүмкіндік берері сөзсіз.

Оқу құралының басында берілген терминдердің қысқаша анықтamasы да, сонында қосымшаларда көлтірілген топонимдерді құрылымына бөлу үлгісі мен субстраттық қабаттарын анықтау үлгісі де орынды берілген, яғни білім алушылар осы үлгілер негізінде ғылыми ақпаратқа сүйене отырып, тапсырмаларды еркін орындаудына барынша мүмкіндік берілген.

Ономастика, соның ішінде қазақ ономастикасы бойынша еңбектердің санының аздығын ескерсек, аталған оқу құралы курстарда білім алушылар үшін аса қажетті еңбек болуы әбден мүмкін.

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Астионим – ойконимнің бір түрі, қала атаулары. Мыс.: *Тараз, Қарағанды, Атырау, Семей, Алматы, Астана*.

Гелионим – гидронимнің түрі; тұзды, батпақты жердің атаяуы. Мыс.: *Айдарлы, Ақкөл, Ақсу т.б.*

Генетивті атаяу – өзі жасалған атаудың генетивті формасы сақталған жалқы есім. Мыс.: топонимдер: *Арап өзені, Бұлақ көлі т.б.*

Генотопоним – генонимдердің қатысымен жасалған жер-су атаулары. Мыс.: *Күшпенкөл, Алашакөл, Есен т.б.*

Географиялық термин (ГТ) (детерминатив) – нақты географиялық реалийді (нысанды), үғымдарды билдіретін сөздер. Ол түрге не типке қатысты болуы мүмкін. Мыс.: *өзен, бұғаз, батпақ, арап, теңіз, шың, шөл, қала, ауыл, көл, тау, т.б.*

Гидроним – топонимнің бір түрі, су объектілерінің жеке атаяуы. Мыс.: *Жайық, Талас, Шалқар, Ертіс, Балқаш т. б.*

Депроприатив – трансонимдену (қара.) нәтижесінде басқа жалқы есімдерден қалыптасқан атаяу; мыс. кісі есімі *Мина* – шіркеу атаяуы *Мина*, кітап атаяуы *Тора (Таярат)* – тау атаяуы *Тор* т.б.

Дримоним – топонимнің түрі; орман, тоғай атаулары. Мыс.: *Роща Баума, Беловежская пуща, Сосновый бор.*

Дромоним – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, ауе қатынас атаулары. Мыс.: *Жібек жолы, Қасқа жол.*

Жалқы есім – бір түрге жататын басқа объектілерден атамыш объектінің ажырататын, жекелейтін сез, сез тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің ар түрлерін құрайтын антропоним, топоним, гидроним, ороним т.б.

Индигенді атаяу – бастапқы (түп-теркін) жалқы есім.

Иrrадиация [топонимнің] берілген нысанның географиялық атаяу негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы. Мыс.: *Арап теңізі, Арап қаласы; Талас өзені, Талас ауданы т.б.*

Комоним – ойконимнің түрі; ауылдық елдімекен атауы. Мыс.: *Кеген, Нарынқол, Қарасу, Жекекөл.*

Лимоним – гидронимнің түрі; көлдер мен тоғандардың атауы. Мыс.: *Балқаш, Сасықкөл, Алакөл, Жалтыркөл.*

Литоним – топоним түрі; жағалаудағы табиғи кез келген обьекттің атауы, нақтырақ, шығанақ, тас. Мыс.: *Оқжетпес, Жұмбақ тас.*

Некроним – топонимнің түрі; зират, бейіттер мен молалардың атауы. Мыс.: *Кенсаі, Ваганьковское кладбище.*

Ойконим – топоним түрі; кез келген елді мекен (ауыл, село, кент, қала) атауы; ойконим астионим және комоним болып бөлінеді. Мыс.: *Жекекөл, Кеген, Нарынқол т.б.*

Онимнің қызыметі – жалқы есімнің тілде өзінің рөлін, міндеттін атқаруы, нақты айтқанда, атау, бірегейлендіру, ерекшелендіру т.б.

Ономастикалық кеңістік – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

Ономастикалық шек – бұл ең алдымен, «атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен обьект байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді.

Ороним – топонимнің түрі, тау, қырат, шың атаулары. Мыс.: *Алатаяу, Хантәнірі, Алтай, Орал, Қаратаяу т. б.*

Потамоним – топонимнің түрі; өзендердің атауы. Мыс.: *Іле, Талас, Жайық, Шаған т. б.*

Термин-индикатор – топонимдердің құрамында келіп, олардың топонимдердің қайтүрінежататынынанықтап отыратын географиялық термин; егер топонимдер су, сай, қамыс сөздердің қатысымен жасалса, ондай топонимдер гидронимдер тобына, ал тау, шоқы, қыр, асу сөздерінің көмегімен қалыптасса оронимдер тобына кіреді; термин-индикаторлардың детерминативтер, географиялық терминдер, халықтық терминдер деген атаулары да бар.

Топоним – онимдердің бір түрі; топонимдерді, көбінесе, жер-су атаулары деп те атайдыз; топонимдер – жер бетіндегі табиғи обьектілердің және адамдардың табиғатты игеру үрдісі нәтижесінде қалыптасқан обьектілердің атаулары; топонимдер өз ішінен ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, урбанонимдер, некронимдер т. б. түрлерге бөлінеді.

Трансонимдену – жалқы есім есімдердің; мыс. антропонимдердің ешбір қосымшасыз басқа жалқы есімдерге айналу үрдісі; трансонимдену тәсілі арқылы антропонимдерден жасалған топонимдерді *топоантропонимдер*, антропонимдерден жасалған космонимдерді *антропокосмонимдер* деп атайды.

KIPICPE

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық қеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дауірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өнергін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, үрпақтан үрпаққа аудысып отырады. Бұл тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Тіл өмірі мен сол тілде сейлеуші қауымының әлеуметтік өмірін өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біte қайнасқан дауірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Осы бір табиғи тұтастықты біз тарихи деректерден гері тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені тарихи деректер әртурлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отыrsa да, өткен өмірдің күәгері болуы сөзсіз. Оның өзінің тұла бойы толған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын теренірек тексеріп, актара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер қазақ лексикасының белгілі бір жүйесін құрайды, сондай-ақ қазақ жалқы есімдерінің лексикалық жүйесі өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Басқа да онимиялық жүйелер сияқты қазақ тілінің ономастикалық қеңістігі бірнеше беліктеге жіктеледі: антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия, этонимия т.б. Қазақ онимиясының осындағы жіктелуінің негізінде атауыштық процесіне іліккен нысандардың категориялық түрі жатыр деп айтуымызға болады. Басқаша айтатын болсақ, жеке адамды аттайтын есімдер – антропонимиялық, табиғи немесе антропогенді нысандарды (тау, өзен, бұлақ, қала, ауыл т.б.) аттайтын жалқы есімдер – топонимиялық, аспан, ғарыш денелерін аттайтын жалқы есімдер – космонимиялық жүйелерді жіктейді. Түрлі экстралингвистикалық нысандарды атай отырып, жалқы есімдер сол нысандардың көптеген сипаттарын, қасиеттерін, қызыметін, мәнін көрсете біледі, белгілі социумда, қоғамда, этноста жалқы есімдер алуан түрлі қызымет атқарады. Сол себепті жалқы есімдердің сипаты мен құрамына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени

экстралингвистикалық факторлар әсер етеді. Жалқы есімдердің жоғарыда аталған экстралингвистикалық факторлармен тығыз байланысы жалқы есімдер жүйесінің басты сипаттарының бірі болып саналады. Тілден тығыз факторлардың жалқы есімдердің семантикасына, қызметтіне жіктелуі сияқты сипаттарына асері мен ықпалы, мәні зор болғанымен, жалқы есім – тілдік бірлік, сөз. Сол себепті қазақ тіл білімінде жалқы есімдердің түрлі тілдік, лингвистикалық сипаттарын, қасиеттерін айқындастын зерттеулерге басты назар аударылады.

Әрбір тілдің лексикалық бірліктер жинағы ұзақ тарихи кезеңді қамтитын материалдық және рухани әлемдегі көптеген заттарды, объектілерді, шындықтарды, түсінкітерді тілдік номинациялау үрдісінің күрделі өнімі болады. Апеллятивті және ономастикалық номинацияның факторлары, уәждері, жолдары мен механизмдері ар түрлі болып келуі мүмкін, бірақ нақты болмыстағы заттарды сөздік белгілермен белгілеу тұрақты, үздік үрдіс болып келеді.

Қазақ ономастикасының шығу, даму кезеңдері және жасалу жолдары кеңінен зерттеп, ерекше зер салатын мәселелердің негізінен саналады. Бұның өзі сөз тарихымен, тілдің әр дәүірдегі даму, өзгеру күйімен, тіптен қоғамдық құрылымдардың өзгеруімен тікелей байланысты.

Жалқы есімдерінің жасалу, пайдалу, шығу тарихында төтенше орын алатын маңызды маселенің бірі – тарихи-мәдени жағдаяттар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар, біріншіден, атап айтқанда, түрлі қоғамдық құрылыштағы әртүрлі діни ағымға байланысты болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен үштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсініне, лексика-мағыналық және функциялық мәнінің жетіле беруіне зор ықпал жасағаны аян.

Қазіргі ономастикада жалқы есімдердің табиғаты мен оның функционалдық ерекшеліктерін ашуда функционалды-прагматикалық аспект ете тиімді болып саналады. Бұл аспект Е.Ә. Керімбаевтың, И.В. Крюкованың, Н.В. Васильеваның, Г.Б. Мәдивеаның енбектерінде ар таралынан зерттелген [1-4].

Атау жасауда халықтың рухани және материалды мәдениеті оның дереккөздерін қолдана отырып, оны өздері қалыптасқан, дамыған, әртүрлі ықпал әсерінен өзгеріске ұшыраған себеп болған ұжыммен байланыстырады.



I ТАРАУ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

1.1

Ақмола облысы топонимдерінің түрлері

Топонимдер – жер бетіндегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, спелеоним, дромоним, ареноним, дримоним т.б. түрлерге бөлінеді. Атауы бар объектілер нақты аймаққа бекітілген. Кез келген топоним атау қызыметімен қоса объектіге сілтеу қызыметін де атқарады. Сонымен қатар олар объектінің ерекшелігіне, атаудың идеологиялық және эмоционалды бояуына қарай қосымша ақпарат бере алады. Белгілі бір аймақтың топонимиконы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «қаттамаға» теңейді. Дегенмен барлық топонимдер осы түрғыдан талдана алмайды. Ең алдымен географиялық объект атаулары (гидронимдер, оронимдер, ареноттдер) туралы айтуда керек. Топонимдік жүйеде тілдік қатынас орын алған. Топонимдерді ономастыканың арнайы бөлімі – топонимика зерттейді.

Топонимдердің жалпылық белгілері: Топонимдердің барлық түрлерінің ортақ белгісі – кез келген географиялық объектті атап.

Топонимдердің жекеленуі аталағын объектке байланысты. Осыған орай келесі аталағын объектілер ажыратылады:

- гидрографиялық (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, бұлақтар, құдықтар, қаналдар);
- орфографиялық (жердің үстінгі қабатының жағымды және жағымсыз рельеф объектілері);
- кез келген жолдар (жер үсті, су, жер асты, әуе);
- кез келген елді мекен (қала, ауыл);
- кез келген қала ішіндегі топографиялық объект;
- реңми, әкімшілік бөліністерінің кез келген объекті (территория, облыс, аудан);
- кез келген табиғи жер асты объектілер (үңгір, жер асты бұлақтары, көл, құдық, сарқырама);
- флористикалық объектілер (орман массивтер, өсімдік әлемінің реалийлери).

Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар үлттық

менталитет, ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Осыған орай топонимдер келесі белгілерге ие:

- әр халықтың географиялық атау жасауда тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір зандылық сақталады;
- атау беруші топтың әлемге көзқарасына сай қоршаған болмыс топонимде беріледі;
- адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі;
- топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да экстралингвистикалық факторларға байланысты;
- топонимдер тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілері болып табылады;
- топонимдер антропонимдерден кейін ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды (яғни адам санаудағы объектілерді қамтиды және кеңістікте қозғалысының бағыт-бағдары болады);
- ұлттық топонимиконның негізгі қорын көбінесе ана тіліндегі атаулар құрайды;
- топонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толтырады;
- топонимдер макротопонимдер (кеңінен танымал) және микротопонимдер (бір аймак, бір ауыл қолемінде белгілі) болып бөлінеді.

Семантикалық модельдер: Топонимдердің семантикалық модельдері белгілі бір топонимдер жасауда қолданылған лексемаларды, ұлттық топонимдік жүйенің ерекшелігін көрсететін неғұрлым жиі және раритетті, яғни сирек кездесетін негіздерді бөлөтін лексика-семантикалық класификация жасауда анықталады. Қалыптасқан топонимдік класификация әртүрлі топонимдік жүйені екі ірі түрге бөледі: табиғат құбылыстарын атайдын топонимдер және «адам-табиғат» байланысының адам қызметімен байланысын тұра көрсетпейді. Екінші түр табиғат құбылысының адам қызметімен байланысын тұра көрсетеді [5, 12]. Атальыш таптастыру географиялық объектілер ерекшеліктерін толығымен қамтиды, бірақ ол бірқатар шартты да, себебі топонимнің барлық түрін қамтыймайды. Топонимнің әр түрі географиялық объекттің әр түрін атайдын естен шығармау керек.

1. Табиғат құбылыстарын көрсететін топонимдер келесі семантикалық лексемалардан тұрады:
 - объект көлемі (формасы, ұзындығы, кеңдігі, созылмалылығы);
 - кеңістіктері объекттің орны, бағыты;
 - объекттің сапалық ерекшеліктері (температурасы, дәмі, түсі);
 - объект орналасқан жердің флорасы мен фаунасы;
 - жердің неорганикалық әлемі (пайдалы қазбалар, құрылым материалдары);
 - жер рељефи;
 - әртүрлі табиғи құбылыстар т.б.
1. Әлеуметтің (адамның) материалды және рухани мәдениетін білдіретін лексемалар негізін құрайтын географиялық объектілер атауларын біріктіретін «адам-табиғат» байланысын көрсетуші топонимдер:

- адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, әлеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау);
- өндіріс-кожайын құндылықтарының атаулары (түрғындар үйі, бастырмалар, түрмис заттары);
- анатомиялық терминдер;
- адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар);
- әртүрлі тарихи оқиғалар т.б.

Топоним түрлерінің ерекшеліктерін ескерген дұрыс, себебі адам ат тағуда объекттің негізгі белгілерін (табиғи, функционалды, жүйелік) көрсететін ақпаратты қолданады. Сонымен қатар ұлттық мәдениет пен ұлттық нақышқа тән ақпаратқа ие ұлттық тілдік сананы да ескеру керек.

Морфологиялық және сөзжасамдық құрылымы:

Топонимдердің морфологиялық талдау және құрылымдық түрін анықтау класификациясы толықымен жасалған. Әртүрлі топонимдік материалдар және негіздер (сөз таптарын, топоним жасауда қатысушы жеке формаларын анықтау, топоним құрылымындағы компоненттерді, туынды негізді бөлгөн) бойынша жасалған бірнеше класификация бар.

Көптеген топонимдік зерттеулерде топоним жасауда барлық дерлік сөз таптары (зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістік формалары, кей кезде есімдік пен үстене) қатысады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берген бай топонимдік материалдар келтірілген. Топонимдер бір сөзден (дара: туынды және туынды емес, күрделі және құрамы), сөз тіркесінен (басынқы, бағынынқы және предикатив қатынастағы құрылымдар), сөйлемнен тұрады. А.В. Суперанская пайымдауынша, ұндиевропа тілдеріне предикативті тіркестер тән емес болса, түркі шығыс тілдеріне аталаған үш түр де тән [6, 103].

Көптеген зерттеушілер топоним жасауда географиялық терминдердің көп жағдайда қатысатынын байқаған. Мысалы, гидроним, ороним жасауда географиялық терминдердің сөзжасамдық қызметі жоғары және олар көп компонентті атаулардың соңында беріледі.

Сөзжасам түрғысынан топонимдер әртүрлі сөзжасам тәсілдерімен жасалады:

- лексика-семантикалық (топонимдік бірнегізді аффиксіз құрылымдар: қаз. Апан, Жыра, Жіңішке; орыс. Маяк, Раздол, Прогресс);
- лексика-синтаксистік (топоним қызметін атқарушы сөз тіркестері, кей кезде тұтас сөйлемдер: қаз. Білезіктің бір айрық басы, Үлкен Аңтыбұлақ, Аққолқайың жотасы; орыс. Белый камень. Мокрая Погорелка, Пихтовый ключ);
- морфологиялық (түбірлердің бірігүі: қаз. Қайыңбұлақ, Балтаөзек, Аюқашқан; орыс. Усть-Каменогорск, Красноярка, Двуречье; аффиксти: қаз. Қайыңды, Кендірлік, Жайылма; орыс. Таловочка, Быструшка, Песчанка).

Топонимдердің жасалу тәсілдеріне қарай қазақ (кеңінен алғанда түркі) тіліне предикатив конструкциялы болып келетін күрделі топонимдер тән болса (*Таужылаған*, *Тақиякеткен*), орыс (кеңінен алғанда славян) тілі топонимдерінің жасалу ерекшелігі – жұрнақтың жалғануында.

Топонимдердің жасалу жолдарын зерттегендеге, ең алдымен қай тілге қатыстылығын анықтау қыындығы туындейды. Топоним – белгілі тілдің сөзжасамдық құралдары және модельдері арқылы жасалатын тілдік бірлік. Белгілі бір тарихи-хронологиялық дауірде кірме топонимдер қабылданып, тольығымен ана тілге бейімделу мүмкін. Орыс топонимдеріне, егер төмәндең критерийлерге сай келетін болса, Ресей территориясындағы және басқа да аумақтардағы орыс топожүйесіне кіретін топонимдер жатады:

- орыс тілі түбірі негізінде орыс тілінің сөзжасамдық аффикстері арқылы жасалған (Усть-Каменогорск, Семипалатинск, Быструха);
- орыс тілге жатпайтын түбірлерден орыс тілінің сөзжасамдық модельдері арқылы жасалған (Большенарымское водохранилище, Маралиха);
- шығу тегі бойынша орыс тіліне жатпайтын, бірақ орыс тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне бейімделген (қаз. Алматы – орыс. Алма-Ата, қаз. Жіңішке – орыс. Жинишке);
- калька, жартылай калькалар (қаз. Ақсу – орыс. Белая, қаз. Үлкентеректі – орыс. Большая теректы).

Кез келген топонимнің түбірін анықтау үшін экстралингвистикалық деректі қолдану керек.

Кесте - 1. Топоним түрлері

Т О П О Н И М	ороним (жер үсті қабатындағы нысадар атауы)	
	спелеоним (жер асты қабатындағы нысадар атауы)	потамоним (өзен атауы)
	хороним (аймақ атауы)	лимноним (көл, көлшік атауы)
	агрооним (жер бөлімшелерінің атауы)	гелоним (саз, батпақ атауы)
	гидроним (су нысадарының атауы)	океаноним (мұхит не оның бөліктерінің атауы)
	экклезеоним (монастырь, шіркеу атауы)	пелагоним (жер үсті қабатындағы нысадар атауы)
	ойконим (елдімекен атауы)	астионим (қала атауы)
	дромоним (кезкелген байланыс жолдары атауы)	комоним (ауыл атауы)
	некроним (жерлеу орындары атауы)	урбаноним (қала атауы)
	дримоним (орман, алқап, тоғай атауы)	

Гидронимдердің өзі іштей бірнеше түрге бөлінеді.



Кесте – 2. Гидронимдердің түрлері



Кесте – 3. Ойконимдердің түрлері



Кесте – 4. Ороним түрлері



1.1.1

Ойконимдер

Кестеде көрсетілгендей ойконимдер екі топқа бөлінеді: астионим (қала атаулары) және комоним (ауыл-село атаулары). А. Смайлс бұдан әрі ойконимдерді тағы да жергілікті ерекшеліктерге байланысты «place-names of major cities», «cities», «minor cities or major towns», «towns», «sub-towns» [6: 21]. Ойконимдердің ерекшелігі оны түзуші элементтер жергілікті халықтың тіліне байланысты, сол жердегі тілдік құралдар жасалады. Ойконимге тән белгі - оның семантикасының ерекшелігі. Тілдік дискурста ойконимдер тек номинативті мағынада ғана емес, сонымен бірге метонимиялық және метафоралық мағынада қолданылуы мүмкін. Ойконимде, кез-келген жеке атау сияқты, трансонимизация процесі жүреді. Ойконимияды апеллятивті онимизациялау процесі жиі кездеседі. Ойконимияды тән тағы бір ерекшелік- антонимдердің, синонимдердің болмауы. Ойконим объектінің мекен-жайы ретіндеге анықталады, мекен-жай нақты, нақты болуы керек, сондықтан кез-келген қазіргі тілде өзінің реесі формасында ойконимнің синонимі болуы мүмкін емес. Егер кейбір елді мекендерге полимонимия тән болса, онда ол ауызекі сөйлеу тілінде ғана кездеседі. Қазақстан жерінде де әкімшілік аймақтарға бөлінуге байланысты аудан деңгейіндегі қалалар, кішкене қалалар, республикалық маңызды қалалар, облыс орталығы т.б деп ойконимдер өзі ішінде бөлінеді. Ақмола облысында да ойконимдердің түрлері бар.

Ойконимдердің қалыптасуы тарихи себептермен тығыз байланысты: Олардың ішінде бірнешеуін боліп көрсетуге болады: идеологиялық маселелер, ірі өнеркасін дамуының (мәселен, Хромтау, Шахтинск т.б.) ірі қалалар мен ірі елді мекендердің қалыптасуына әсері т.б. Ойконимдер халық тұрмысымен тығыз байланысты жасанды болса, гидроним, ороним сияқты топоним түрлері табиги географиялық нысан болып келеді. Топоним түрлерінің ішінде ойконимдердің ерекшеленуі қоғам дамуымен байланысты: ауыл, қоныс, елді мекендер есе келе аудан, қала, мегаполистерге айналады. Сол арқылы елді мекен атаулары қоғамның экономикалық, мәдени дамуын көрсетеді.

1.1.1.1

Комонимдер

Комонимдер - тарихи, ғылыми, этнографиялық және лингвистикалық ақпараттардың дереккөзі болып табылатын топонимиканың құрамдық бөлігі.

Көп жағдайда ірі қалаларда тарихи қалыптасқан көшелердің атауы комонимдерден бастау алады. Қала аумағының кеңеюіне байланысты оның құрамына енген ауыл, аудан т.б. атаулары көше, шағын аудан атауына айналып жатады.

Абай, ауыл, Егіндікөл ауданы.

Абай, ауыл, кісі түрмайтын; Еңбекшілдер ауданы.

Абай, ауыл, Қорғалжын ауданы.

Абылай, ескі мекен, Қорғалжын ауданы.

Ағанас, ауыл, Целиноград ауданы.

Ағашты, ескі мекен, Бұланды ауданы.

Адықбай, ауыл, Бурабай ауданы. Қараңыз Первомайское, село.

Адыр, қоныс, Шағалалытеңіз көлінің оң жағалауында, Павловка селосынан оңтүстікке қарай; Зеренді ауданы.

Азат, ауыл, Ақкөл ауданы.

Азынабай, ауыл, Ұәлиханов ауылының құрамына кірді; Еңбекшілдер ауданы.

Айғабақ, ауыл, Наурызбай Батыр ауылының құрамына кірді; Шучье ауданы.

Айғаш, қоныс, Қожастау тауынан оңтүстік-шығысқа, Ақсу кентінен солтүстікке қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Айғыржал, ауыл, Зеренді ауданы. Қараңыз Айғыржал, жеке аулалар.

Айғыржал, жеке аулалар, Зеренді ауданы.

Айғыржал, қыстау, Ерейментау ауданы.

Айдабол, ауыл, Зеренді ауданы.

Айдабол, кент, Зеренді ауданы. Қараңыз Айдабол, ауыл.

Айдабол, қоныс, Жабай өзенінің сол жағалауында, Құмдықөл көлінен оңтүстік-

Ақмола облысы топонимдері

шығысқа қарай; Зеренді ауданы.

Айдарлы, ауыл, Зеренді ауданы.

Айдарлықөл, ескі мекен, Аршалы ауданы.

Айдарлықөл, қоныс, Астана бөгенінен оңтүстік-батысқа, Майбалық көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аршалы ауданы.

Айнакөл, ауыл, Бұланды ауданы.

Айпара, қоныс, Тастықөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Қарасор көлінен батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Айтбақ, дала қосы, Бурабай ауданы.

Айтжан, қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Терісаққан ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жақсы ауданы.

Айтмола, қоныс, Қожастау тауынан шығысқа, Ақсу кентінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ақимовка, ескі мекен, Жақсы ауданы.

Ақимовка, қоныс, Қайрақты өзенінің оң жағасында, Капитоновка селосының солтүстік-шығысында; Бұланды ауданы.

Ақимовка, село, Астрахан ауданы.

Ақадыр, ауыл, Зеренді ауданы.

Ақан, ауыл, Зеренді ауданы.

Ақауыл, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Ақауыл, қоныс, Жамбайсор көлінен солтүстік-шығысқа, Қойтас ауылынан батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ақбаза, ауыл, Құмсұат ауылының құрамына кірді; Жарқайың ауданы.

Ақбай, қоныс, Ащылы өзенінің сол жағалауында, Пролетарка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Атбасар ауданы.

Ақбалшық, қоныс, Сандықсу өзенінің сол жағасында, Мұқанның Шоқысы тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Ақбас, қоныс, Ахметжансор көлінен солтүстік-шығысқа, Сексенбайсор көлінен батысқа қарай; Зеренді ауданы.

Ақбейіт, ауыл, Астрахан ауданы.

Ақбұлақ, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Ақбұлақ, қоныс, Қайрақты өзенінің сол жағалауында, Тастыөзек ауылынан солтүстікке қарай; Бұланды ауданы.

Ақдермене, қоныс, Щучье көлінен оңтүстік-батысқа, Құмдықөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Щучье ауданы.

Ақжар, ауыл, Аршалы ауданы.

Ақжар, ауыл, Аршалы ауданы. Қараңыз Ақжар, жеке аулалар.

Ақжар, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Байжігіт, қоныс, Өлеңті өзенінің сол жағалауында, Жарсор көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Байқожа, қоныс, Есіл өзенінің оң жағалауында, Каменка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Астрахан және Целиноград аудандарының шекарасында.

Байқұтты, қоныс, Ақмырза мен Кума өзендерінің аралығында, Балықты ауылынан батысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Баймағамбет, қыстау, Ерейментау ауданы.

Баймен, қоныс, Горелая Сопка тауынан оңтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Баймен, қоныс, Алтынтау тауынан оңтүстік-батысқа, Күншалған ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Баймұрза, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Баймыш, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Байпақ, қоныс, Есіл өзенінің сол жағасында, Новопетропавловка қаласынан батысқа қарай; Атбасар ауданы.

Бұзаутебе, қоныс, Саға және Атан өзендерінің аралығында, Намазқұл тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Бұзылық, ауыл, Есіл ауданы.

Бүйраратқөл, қоныс, Жолымбет кентінен оңтүстікке, Антоновка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Целиноград ауданы.

Бұқалы, қоныс, Ащылы өзенінің сол жағалауында, Борисовка селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Атбасар ауданы.

Домбыралы, ауыл, Ақкөл ауданы.

Достық, ауыл, кісі тұрмайтын; Еңбекшілдер ауданы.

Достық, ауыл, Жарқайың ауданы.

Дәңгілағаш, ауыл, Зеренді ауданы.

Дүкенқарасу, қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Алғабас ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы.

Егемен, ауыл, Шортанды ауданы.

Егінағаш, қоныс, Горелая Сопка тауынан батысқа, Ақкөл қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы

Жағылар, қоныс, Ақсу өзенінің сол жағасында, Заводской кентінен шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Жайдай, қоныс, Саға өзенінің оң жағасында, Намазқұл тауынан солтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ақмола облысы топонимдері

Жайлаубай, қоныс, Шайтанды тауынан оңтүстікке, Сілеті бөгенінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Жайлыбет, ескі мекен, Атбасар ауданы.

Жайнақ, ауыл, Целиноград ауданы.

Жалаңаш, қоныс, Қызылсу өзенінің бастауынан оңтүстік-шығысқа, Жақсы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы.

Жалғызғаш, қоныс, Елікті тауынан оңтүстік-шығысқа, Зеренді көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Зеренді ауданы.

Жалғызтал, қоныс, Талқара өзенінің оң жағалауында, Барап көлінен батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Жалдыштомар, қоныс, Сасықкөл көлінен солтүстік-батысқа, Бозайғыр ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Целиноград ауданы.

Жалманқұлақ, ауыл, Егіндікөл ауданы.

Жалпақ, қоныс, Горелая Сопка тауынан оңтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Имантерек, қоныс, Тінеке өзенінің сол жағалауында, Шолақсор көлінен батысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Инелікті, қоныс, Саумалкөл көлінен солтүстікке, Ұзынкөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Егіндікөл ауданы.

Инембидайық, қоныс, Нұра өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, Шалқар көлінің батыс жағалауында; Қорғалжын ауданы.

Итмұрын, қоныс, Санқасы көлінен шығысқа, Шолақсор көлінен оңтүстікке қарай; Ерейментау ауданы.

Кейкі, ескі мекен, Аршалы ауданы.

Келте, ескі мекен, Ақкөл ауданы.

Кемпір, қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Красногорский кентінен солтүстік-батысқа қарай; Есіл ауданы.

Кемпірбұлақ, қоныс, Сандықсу өзенінің оң жағалауында, Мұқанның Шоқысы тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Кенебай, ауыл, Ақкөл ауданы. Қараңыз Кенебай, ескі мекен.

Кенебай, ескі мекен, Ақкөл ауданы.

Кенжебай, ескі мекен, Жарқайың ауданы.

Кенжебай, қоныс, Сасықкөл көлінен солтүстік-батысқа, Бозайғыр ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Целиноград және Шортанды аудандарының шекарасында.

Кеңалым, қоныс, Жүкей өзенінің оңтүстік жағалауында, Қотыркөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Майқы, қоныс, Балықты көлінен шығысқа, Ұйымшыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.

Майлан, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Майлыбай, ауыл, кісі тұрмайтын; Ақкөл ауданы.

Майлықара, қоныс, Терісаққан өзенінің сол жағалауында, Балталы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы.

Майтүп, қоныс, Нұра өзенінің сол жағасында, Шолак көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қорғалжын ауданы.

Майшұқыр, ауыл, Қорғалжын ауданы.

Мақпал, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Малай, қоныс, Атан өзенінің оң жағасында, Атансор көлінен батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Мамай, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Манаш, қоныс, Қобықөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Жалманқұлақ көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Егіндікөл ауданы.

May, қоныс, Қекбайсор көлінен солтүстік-шығысқа, Алтайсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Найзатомар, қоныс, Сарықамыс өзенінің бастауынан оңтүстікке қарай, Бозайыр ауылынан шығысқа қарай; Шортанды ауданы.

Намаз, қоныс, Тастықөл көлінен оңтүстік-батысқа, Заводской кентінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Нарынбай, қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Ұзынкөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Астрахан ауданы.

Насыр, қоныс, Есіл өзенінің оң жағалауында, Ұзынкөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Астрахан ауданы.

Наурызбай Батыр, ауыл, Бурабай ауданы.

Ортақұдық, қоныс, Майлысор көлінің батыс жағасында; Еңбекшілдер ауданы.

Ортақышыл, ауыл, Бұланды ауданы.

Ортақышыл, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Ортасай, қоныс, Жолдыбай көлінен батысқа, Алабота көлінен оңтүстікке қарай; Зеренді ауданы.

Орташат, қоныс, Саға өзенінің сол жағасында, Атансор көлінен солтүстікке қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Орташахай, қоныс, Шахай өзенінің сол жағасында, Жақсытұз көлінен батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Орынбай, қоныс, Ақсу өзенінің оң жағасында, Заводской кентінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Ақмола облысы топонимдері

Орындық, қоныс, Жолдыбай көлінен солтүстік-батысқа, Алабота көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Зеренді ауданы.

Оспан, қоныс, Кекбайсор көлінен оңтүстік-батысқа, Заводской кентінен солтүстікке қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ошаққарасу, қоныс, Қаражар өзенінің сол жағасында, Жолымбет кентінен солтүстік-батысқа қарай; Шортанды ауданы.

Өзек, қоныс, Балықты көлінен оңтүстік-шығысқа, Шиелі ауылынан батысқа қарай; Бурабай ауданы.

Өлеңті, ауыл, Ерейментау ауданы.

Өлеңті, ауыл, темір жол станциясының бойындағы; Ерейментау ауданы.

Өлмес, қоныс, Есіл мен Нұра өзендерінің аралығында, Жалаңаш көлінен шығысқа қарай; Астана қаласының аумағы.

Өмірзак, қоныс, Нарөлген тауынан батысқа, Қараңгір көлінен солтүстікке қарай; Зеренді ауданы.

Өндіріс, ауыл, Астрахан ауданы.

Өркендеу, ауыл, Қорғалжын ауданы.

Өркендеу, қоныс, Шолақ көлінен батысқа, Есей көлінен шығысқа қарай; Қорғалжын ауданы.

Өрнек, ауыл, Ақкөл ауданы.

Өрікті, қоныс, Есіл мен Өріктій өзендерінің аралығында, Родина селосынан оңтүстікке қарай; Целиноград ауданы.

Өріктісай, қоныс, Есіл өзенінің сол жағалауында, Өріктісай өзенінің сағасында; Целиноград ауданы.

Өтеміс, ауыл, Целиноград ауданы.

Өтешқарасу, қоныс, Өлеңті өзенінің бастауынан батысқа қарай, Константиновка селосынан солтүстікке қарай; Аршалы ауданы.

Райымбет, қоныс, Жолдыбай көлінен батысқа, Алабота көлінен оңтүстікке қарай; Зеренді ауданы.

Ракиты, қоныс, Жабай өзенінің сол жағалауында, Сандықтау тауларының оңтүстік бөлігінде; Сандықтау ауданы.

Рақымжанқора, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Рақымжан Қошқарбаев, ауыл, Целиноград ауданы.

Рамазан, қоныс, Горелая Сопка тауынан оңтүстік-батысқа, Новорыбинка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Сабақты, қоныс, Есіл өзенінің сол жағасында, Таволжанка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Астрахан ауданы.

Сабынды, ауыл, Қорғалжын ауданы.

Сабырқұдық, қоныс, Зеренді көлінен солтүстік-шығысқа, Байөтер тауынан солтүстік-батысқа қарай; Зеренді ауданы.

Сайлыот, қоныс, Жуантөбе тауынан шығысқа, Қарасор көлінен солтүстікке қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Салдырағаш, қоныс, Қайрақты өзенінің оң жағалауында, Кіндікқарағай ауылынан оңтүстікке қарай; Бурабай ауданы.

Сандықтау, ауыл, Сандықтау ауданы.

Саратовка, қоныс, Каменек селосынан оңтүстікке, Ұлан ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Сандықтау ауданы.

Сарғалдақ, қоныс, Державинск қаласынан шығысқа, Далабай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Сиырелген, қоныс, Горелая Сопка тауынан батысқа, Ақкөл қала-сынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Суалды, қоныс, Щучье көлінен оңтүстікке, Балықты көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Бурабай ауданы.

Суалма, қоныс, Жуантөбе тауынан оңтүстік-шығысқа, Қарасор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.

Табылма, қоныс, Ақсу өзенінің сол жағалауында, Степногорск қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Табын, қоныс, Жаңасу өзенінің бастауынан шығысқа, Майсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Тазкөл, ескі мекен, Аршалы ауданы.

Тайжан, қоныс, Сарытау тауынан солтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бұланды ауданы.

Тайқұлаққыстау, қоныс, Жыңғылдысор көлінен оңтүстік-шығысқа, Майлышор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Ақжар (Солтүстік Қазақстан облысы) және Еңбекшілдер (Ақмола облысы) аудандарының шекарасында.

Тайпак, ауыл, Жақсы ауданы.

Тайтөбе, ауыл, Целиноград ауданы.

Тайтөбе, қоныс, Нұра өзенінің оң жағалауында, Майбалық көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Целиноград ауданы.

Тақтайқұдық, қоныс, Есіл өзенінің орта ағысының сол жағалауында, Жаркөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы.

Талбөгет, қоныс, Ақ Қайрақты өзенінің оң жағалауында, Подгорное селосынан оңтүстікке қарай; Жақсы ауданы.

Талды, қоныс, Сухая Речка өзенінің оң жағалауында, Капитоновка селосынан оңтүстікке қарай; Бұланды ауданы.

Тастыөзек, ауыл, Бұланды ауданы.

Тастысай, қоныс, Сандықсу өзенінің оң жағалауында, Мұқанның Шоқысы тауынан оңтүстікке қарай; Жарқайың ауданы.

Тасты-Талды, ауыл, Жарқайың ауданы.

Тереңсай, қоныс, Тасшалқар көлінен оңтүстікке, Жүкей көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Тікенқұдық, қоныс, Шат өзенінің сол жағалауында, Намазқұл тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Тікқара, қоныс, Ушқарасу өзенінің оң жағалауында, Балуанкөл ауылынан шығысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Үәлиханов, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Үорхор, қоныс, Қарасор көлінен шығысқа, Майлышор көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ұзынкөл, қоныс, Құмдықөл көлінен солтүстік-батысқа, Жолдыбай көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Зеренді ауданы.

Ұлтарақ, қоныс, Санқасы көлінен оңтүстік-шығысқа, Жарсор көлінен солтүстікке қарай; Ерейментая ауданы.

Ұлыжкол, ауыл, кісі тұрмайтын; Астрахан ауданы.

Ұлыкөл, қоныс, Шат өзенінің сол жағалауында, Намазқұл тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Үкі, ауыл, Трудовое селосының құрамына кірді; Жақсы ауданы.

Үкібай, қоныс, Балықты көлінен оңтүстік-шығысқа, Шиелі ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Бурабай ауданы.

Үлгі, ауыл, Еңбекшілдер ауданы.

Үлгіалған, ауыл, Бурабай ауданы.

Үлгілі, ауыл, Зеренді ауданы.

Үлкен, қоныс, Мат өзенінің сол жағалауында, Шұбарагаш ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Бұланды ауданы.

Үлкен Ақсу, қоныс, Майлышор көлінен солтүстік-шығысқа, Сасыққопа көлінен батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Үңгір, қоныс, Жолдыбай көлінен оңтүстік-батысқа, Құмдықөл көлінен солтүстік-батысқа қарай; Зеренді ауданы.

Үшбатыр, ескі мекен, Қорғалжын ауданы.

Үшбидайық, қоныс, Мойылды өзенінің жоғарғы ағысының оң жағалауында, Западное селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Үшқалмақ, қоныс, Тасшалқар көлінен оңтүстік-шығысқа, Қарасор көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Үшқарасу, ауыл, Жарқайың ауданы.

Үшқарасу, қоныс, Қобықөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Төңіз көлінен солтүстік-батысқа қарай; Егіндікөл (Ақмола облысы) және Нұра (Қарағанды облысы) аудандарының шекарасында.

Шабақөл, қоныс, Үлкен Шабакты көлінің шығыс жағалауында, Лысая тауынан солтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.

Шабырлы, қоныс, Аршалы өзенінің сол жағалауында, Новобратьевское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Бұланды ауданы.

Шағалалы, ауыл, Зеренді ауданы.

Шағалалы, қоныс, Шишалқар көлінен солтүстік-шығысқа, Мәншүк ауылынан оңтүстікке қарай; Целиноград ауданы.

Шалаулы, қоныс, Есіл өзенінің оң жағалауында, Сандық тауынан шығысқа қарай; Жақсы ауданы.

Шалғай, ауыл, Бірсуат ауылының құрамына кірді; Аршалы ауданы.

Шалғай, ауыл, Шойындықөл ауылының құрамына кірді; Жарқайың ауданы.

Шалқар, ауыл, Қорғалжын ауданы.

Шат, қоныс, Санқасы көлінен оңтүстікке, Қоянды тауынан солтүстікке қарай; Ерейментау ауданы

Шәрбап, қоныс, Құлаайғыр өзенінің оң жағалауында, Қалмаққөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы.

Шеткіяқ, қоныс, Жарқөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Новомариновка селосынан солтүстік-батысқа қарай; Атбасар ауданы.

Шибұт, қоныс, Кекшетау қаласынан оңтүстік-шығысқа, Жамантуз көлінен солтүстік-батысқа қарай; Зеренді ауданы.

Ыбыраймолда, ескі мекен, Ерейментау ауданы.

Ынталы, ауыл, Бурабай ауданы.

Ынталы, қоныс, Жуантебе тауынан солтүстік-шығысқа, Щорс селосынан шығысқа қарай; Бурабай ауданы.

Ысқақ, қоныс, Кекбайсор көлінен батысқа, Заводской кентінен солтүстік-шығысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ысмағұл, ескі мекен, Ерейментау ауданы

Ыстаған, қоныс, Балықты көлінен шығысқа, Жүкей көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы

1.1.1.2

Астионимдер

Ақкөл, қала, Ақкөл ауданының орталығы. Іргесі 1887 жылы қаланған. 1939 жылы кеңті, 1965 жылы қала мәртебесін алды.

Атбасар, қала, 1928 жылдан бері Атбасар ауданының орталығы. Іргетасы 1845 жылы қаланған. 19 ғасырдың 40 – 50 жылдары өзінде округтың, 1869 жылдан Ақмола облысы Сарысу уезінің орталығы болды.

Ерейментау, қала, Ерейментау ауданының орталығы. Іргесі 1948 жылы Ақмола-Павлодар (1953 жыл) және Ерейментау-Айсары (1965 жыл) темір жолдарын салуға байланысты қаланған. 1951 жылы кентке, ал 1965 жылы қалаға айналып, тез дами бастады.

Есіл, қала, Есіл ауданының орталығы. Іргесі Ақмола – Қараталды (Ресей) темір жолын салуға байланысты 1939 жылы қаланды. 1955 жылы Есіл ауданының күрылудына орай бұрынғы Есіл кенті аудан орталығына, 1963 жылы қалаға айналды.

Кекшетау, қала, Ақмола облысының орталығы. XVIII-ғасырдың 40-жылдарынан бастап ордасын Кекшетауға тіккен Абылай хан басқарған Қазақ хандығы өзінің бұрынғы күш-куатын қалпына келтірді. Ресей, Қытай, Ауған мемлекеттері мен Бұхар, Қоқан, Хиуа хандықтары Кекшетаудағы Абылай ордасына өз елшілерін жіберіп тұрды. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Кекшетау жерінде қазақ халқының тарихында үлкен із қалдырған оқиғалар өтті. Қазақ хандығы тұтастығын жоғалта бастады да, Кекшетау өнірі Абылай хан әүлетінің (Ұәли, Қасым, Ғұбайдолла, т.б.) ата қонысына айналды. 1999 жылдың 8 сәуірінен бастап Кекшетау қаласы Ақмола облысының әкімшілік орталығы болды.

Макинск, қала, Бұланды ауданындағы қала, ауданы және Макинск қалалық әкімдігі орталығы (1957). 1945 жылға дейін «Макинка жұмысшылар кенті» деп аталған. Іргесі 1914 жылы қаланған, 1945 жылы қала мәртебесі берілді.

Степногорск, қала, Ақкөл ауданындағы қала (1964). 1964 жылдың 6 сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы Жарғысымен Целиноград өлкенің Жолыбет өнеркәсіптік ауданының Соцгородок елді мекені Степногорск атауы беріліп өлкелік бағыну қалалар категориясына жатқызылды.

Щучинск, қала, Ерейментау ауданының орталығы. Бурабай ауданындағы шипажайлы қала, аудан және Щучинск қалалық әкімдігі орталығы. Іргесі 1850 жылы қаланған.

1.1.2

Гидронимдер

Топонимдердің басқа түрлеріне қарағанда гидронимдер – экстарлингвистикалық факторлардың әсеріне аз түсетін түрі. Алайда Ақмола облысы гидронимдері идеологиялық факторлар әсерінен едәуір өзгеріске ұшыраған.

Су нысандарының атавы ғасырлар бойы сақталады, сондықтан да гидронимдер үлкен лингво-тарихи құндылық болып табылады. Гидронимдерді талдау барысында архаизмдер мен диалекттердің тұрақты түрде сақталатынын анықтауға болады, олар, негізінен, осы аумақта бұрынныракта өмір сүрген халықтардың тілдік-субстраттарын анықтайды. Бұл өз кезегінде этникалық топтардың өмір сүру ареалын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жергілікті халықтың тарихы, мәдениеті мен түрмис-тіршілігінен хабардар етеді.

1.1.2.1

Лимнонимдер

Абылайша, көл, Текіз көлінен батысқа, Ащыкөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Ағанас, көл, Нұра өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, Шенет көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Целиноград ауданы.

Ағашты, өзен, бастауы Ерейментау тауларының солтүстік бөлігінде, Едіге өзенінің оң құраушысы, Құма өзенінің сол құраушысы, Кедей өзенінің сол құраушысы, Сілтепі өзенінің оң саласы, Сілтітіңіз көліне құяды; Ерейментау ауданы.

Айдабол, көл, Зеренді көлінен оңтүстікке, Аршалы өзенінің бастауы; Зеренді ауданы.

Айдаркөл, көл, Тасты-Талды ауылынан шығысқа, Бірсуат ауылынан оңтүстікке қарай; Жарқайың ауданы.

Айдарлы, көл, Кедей мен Сілтепі өзендерінің аралығында, Торғай ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Айдарлықөл, көл, Вячеславское бөгенінің оңтүстік-батыс жағалауында, Ижевское селосынан батысқа қарай; Аршалы ауданы.

Айнабұлақ, бұлақ, Текіз көлінің солтүстік-батыс жағалауында, Ащыкөл көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Айнакөл, көл, Боқсың өзенінің төменгі ағысының оң жағалауында, Талдықөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бұландау ауданы.

Айнакөл, көл, Нұра өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, Шенет көлінен шығысқа қарай; Целиноград ауданы.

Айт, көл, Қалқұтан өзенінің оң жағалауында, Гуляйполе селосынан оңтүстікке қарай; Шортанды ауданы.

Ақанкөл, көл, Құмдықөл көлінен солтүстік-батысқа қарай, Ақан ауылының солтүстік-батысында; Зеренді ауданы.

Ақbastы, көл, Қобықөл көлінен солтүстік-шығысқа, Жалманқұлақ көлінен солтүстік-батысқа қарай; Егіндікөл ауданы.

Ақжар, өзен, Кіші Сарыоба көлінен солтүстік-шығысқа қарай аты жоқ өзен арнасымен Майдан өзенінің қосылуынан құралады, Сілтепі өзенінің оң саласы, Сілтітіңіз көліне құяды; Аршалы, Целиноград, Ерейментау аудандары.

1.1.2.2

Гелионимдер

Айдарлы, батпақ, Үлкен Сарыоба көлінен солтүстікке, Кіші Сарыоба көлінен солтүстік-батысқа қарай; Аршалы ауданы.

Ақкөл, батпақ, Домбыралы тауынан солтүстік-шығысқа, Қайнар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Ақсу, батпақ, Мат өзенінің сол жағалауында, Мат ауылынан шығысқа қарай; Бұланды ауданы.

Алакөл, батпақ, Нұра өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, Ұзынқамыс көлінен солтүстікке қарай; Целиноград ауданы.

2) есімдік не жануарға байланысты қалыптасқан:

Ақтомар, батпақ, Қарасу және Куаныш өзендерінің аралығында, Павловка селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментая ауданы

2.1.3

Оронимдердің қалыптасу уәжі

1) кісі есімдерінен қалыптасқан атаулар:

Азат, тау, Сілеті өзенінің жоғарғы ағысының сол жағалауында, Новомарковка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Ерейментай ауданы.

Абай, тәбешік, Теніз көлінен солтүстік-шығысқа, Ұзынкөл көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Қорғалжын ауданы.

Акимовка, тәбешік, Тарасовка селосынан оңтүстік-шығысқа, Қайрақты ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жақсы ауданы.

Ақсақ Әлімбет, тау, Сілеті өзенінің сол жағалауында, Қарасор көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментай ауданы.

2) ру-тайпа атауларынан қалыптасқан атаулар:

3) нысанға немесе маңындағы нысанға байланысты қалыптасқан атаулар:

Ағанас, тәбешік, Шенет көлінен оңтүстік-шығысқа, Тұз көлінен солтүстікке қарай; Целиноград ауданы; тәбешік, Аққан өзенінің оң жағалауында, Сочинское селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Атбасар ауданы. Ағын (бійк кемерлі арна) және ас компоненттерінен қалыптасқан, яғни «арнасты терең су» мағынасындағы атая.

Адыр, шоқы, Терісаққан өзенінің оң жағалауында, Гагаринское селосынан солтүстік-шығысқа қарай; Атбасар ауданы. «Дөңесті және белесті» мағынасындағы атая.

Айбас, шоқы, Құмай өзенінің сол жағалауында, Чапаевское селосынан солтүстікке қарай; Жақсы ауданы. Айбас - «басы тақыр, таз тау, тәбелерге» қаратып айтылатын атая [29].

Айғыр, тәбешік, Қалмақкөл көлінен оңтүстік-шығысқа, Барақбай ауылынан солтүстік-батысқа қарай; Жақсы ауданы. Айғыр сөзі тауға байланысты айтылған айыр сөзінің дыбыстық түрғыдан өзгеріске түскен түрі болса керек, яғни айыр «екі аша» сөзінің өзгерген түлғасы деп болжаймыз.

Айғыржал, қырат, Шағалалы өзенінің оң жағалауында, Ахметжансор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Зеренді ауданы. 1. Атаудың бірінші сыңарындағы

айғыр сөзі тауға байланысты айтылған айыр сөзінің дыбыстық түрғыдан өзгеріске түскен түрі болса керек, яғни *айыр* «екі аша» сөзінің өзгерген тұлғасы деп болжамыз. 2. Атаяу айғыр (зат есім) және жал (зат есім) сөздерінің бірігі арқылы жасалған. Мағынасы: «үлкен жар».

Айғыржал, тау, Қоржынкөл көлінен шығысқа, Теніз көлінен оңтүстікке қарай; Ерейментау ауданы.

Айғыржал, тау, Үлкен Бүркітті тауынан солтүстік-шығысқа, Үлкен Шабақты көлінен солтүстік-батысқа қарай; Шучье ауданы.

Айдарлы, тау, Елікті тауынан солтүстік-батысқа, Құмдықөл көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Зеренді ауданы. Атауға негіз болған айдар сөзінің негізгі мағынасы «төбедегі тұлым шаш», географиялық мағынасы – «шошақ болып үйілген тасты төбе».

Айдарлы, төбешік, Қоскөл көлінен оңтүстік-батысқа, Қызылсуре шоқысынан солтүстік-шығысқа қарай; Атбасар (Ақмола облысы) және Нұра (Қарағанды облысы) аудандарының шекарасында. Атауға негіз болған айдар сөзінің негізгі мағынасы «төбедегі тұлым шаш», географиялық мағынасы – «шошақ болып үйілген тасты төбе».

Айдарлы, шоқы, Сарытау тауынан солтүстік-батысқа, Шошқалы көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бұланды ауданы. Атауға негіз болған айдар сөзінің негізгі мағынасы «төбедегі тұлым шаш», географиялық мағынасы – «шошақ болып үйілген тасты төбе».

Айпар, тау, Сілеті бөгенінен солтүстікке, Қарасор көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Айсай, төбешік, Партизанка селосынан шығысқа, Иванковка селосынан оңтүстік-батысқа қарай; Бұланды ауданы.

Ақдін, тау, Өлеңті өзенінің сол жағалауында, Ерейментау тауларының ең биік шыңы; Ерейментау (Ақмола облысы) және Осакаров (Қарағанды облысы) аудандарының шекарасында. Мағынасы: «ақ шоқы», «ақ биік», «ақ төбе». Бұл атаяу орысша *Белоя сопка* деп аталып, одан кейін қазақтың «дін», «дың» сөзі орысша «дың» сөзіне айналып, қазақша Ақдым болып өзгеріске ұшырап қалыптастып кеткен. Осы жасанды Ақдым атаяу қайтадан орысшаға аударылып *Белодым* түрінде қолданып жүр. Ал дің, дың сөздері түркі, иран тілдерінде дын, тын, тон, тум түлғаларында кездеседі де – «тау, дөң, шоқы, жота, биік, төбе» мағыналарын білдіреді. Ф.Қоңқашбаевтың пікірінше: дің сөзі – дөң, биік жота дегенге сай [24].

Ақсай, төбешік, Майсор көлінен солтүстік-шығысқа, Изобильное селосынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ерейментау ауданы.

Ақсөңгір, шоқы, Майбалық көлінен оңтүстік-батысқа, Қабанбай Батырауылынан шығысқа қарай; Целиноград ауданы.

4) өсімдік не жануарға байланысты қалыптасқан атаулар:

Ағашталдық, тәбешік, Державинск қаласынан оңтүстік-батысқа, Қарынсалды ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Жарқайың ауданы.

Ақбидай, тәбешік, Алакөл көлінен батысқа, Егіндікөл ауылынан солтүстікке қарай; Астрахан ауданы.

5) бейтарап мағынадағы атаулар:

Ақдала, тәбешік, Көбіккөл көлінен солтүстік-батысқа, Сочинское селосынан шығысқа қарай; Атбасар ауданы.

Аққан, шоқы, Терісаққан өзенінің оң жағалауында, Гагаринское селосынан шығысқа қарай; Атбасар ауданы.

Аққара, тәбешік, Көксенгірсөр көлінен оңтүстік-шығысқа, Көкбайсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Аққора, тәбешік, Көксенгірсөр көлінен оңтүстік-шығысқа, Көкбайсор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Еңбекшілдер ауданы.

Ақ Құсақ, тау, Қараңгір көлінен оңтүстікке, Тұлкілі ауылынан солтүстік-шығысқа қарай; Бурабай ауданы.

Ақмола, тәбешік, Курское селосынан батысқа, Речное селосынан оңтүстікке қарай; Есіл ауданы.

Ақмола, шоқы, Нұра өзенінің оң жағалауында, Қосшы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Целиноград ауданы.

Ақоба, тау, Қоржынкөл көлінен батысқа, Сүйкімбай тауынан солтүстік-батысқа қарай; Ерейментая ауданы.

Ақсирақ, тәбешік, Жалманқұлақ көлінен солтүстік-шығысқа, Бесбидайық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Астрахан ауданы.

2.1.4

Некронимдердің қалыптасу уәжі

1) кісі есімінен қалыптасқан атаулар:

Айтымер, бейіт, Ерейментая ауданы.

Тезекбай, мола, Атбасар ауданы.

2) бейтарап мәндегі атаулар:

Алтыаяқ, мола, Еңбекшілдер ауданы.

Бағаналы, мола, Жарқайың ауданы.

Байегіз, мола, Жақсы ауданы.

Көсемола, бейіт, Жарқайың ауданы.

Қараша, мола, Еңбекшілдер ауданы.

3) діни мәндегі атаулар:

Қожамола, бейіт, Қорғалжын ауданы.

Солы, мола, Жарқайың ауданы.

2.1.5

Дромонимдердің қалыптасу уәжі

Ағашты, разъезд, әрекетсіз, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Бұланды ауданы.

Адыр, станция, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Атбасар ауданы.

АЗат, станция, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Зеренді ауданы.

Айсары, станция, Қазақстан темір жолының Павлодар бөлімі; Еңбекшілдер ауданы.

Ақан, разъезд, әрекетсіз, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Зеренді ауданы. Қараңыз Жалтыркөл, разъезд.

Ақкөл, станция, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Ақкөл ауданы.

Ақмола, станция, Қазақстан темір жолының Ақмола бөлімі; Астана қаласының аумағы. Қараңыз Астана, станция.

Ақсу, станция, Қазақстан темір жолының Павлодар бөлімі; Ақсу кентінің аумағы. Қараңыз Алтынтау, станция.

2.1.6

Дримонимдердің қалыптасу уәжі

Бароба, орман, Жарсор көлінен солтүстік-шығысқа, Қарабұлақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Боқтан, орман, Жарсор көлінен солтүстік-шығысқа қарай, Қарабұлақ ауылының батысында; Ақкөл ауданы.

Густые Борки, орман, Итемген көлінен шығысқа, Шайтантебе тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Девичий Бор, орманшылық, Зеренді ауданы.

Имантерек, орман, Ерейментая ауданы. Қараңыз Имантерек, қоныс.

Кішітүкті орман шаруашылығы, ауыл, Зеренді ауданы. Қараңыз Кіші Тұкті, ауыл.

Қарағаш, орман, Итемген көлінен оңтүстік-шығысқа, Домбыралы тауынан солтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Қожа, орман, Итемген көлінен оңтүстік-шығысқа, Домбыралы тауынан солтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Қошқар, орман, Итемген көлінен шығысқа, Шайтантебе тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Молалы, орман, Итемген көлінен шығысқа, Шайтантебе тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Отынағаш, орман, Ақсу өзенінің оң жағалауында, Степногорск қаласынан батысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Синегорский, орман шаруашылығы, Кекшетау қаласының аумағы.

Сырысойған, орман, Балықты көлінен солтүстік-шығысқа, Жүкей көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Бурабай ауданы.

Табақырған, орман, Барап көлінен солтүстікке, Сарытау тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл және Бұланды аудандарының шекарасында.

Туманные Борки, орманшылық, Итемген көлінен оңтүстік-шығысқа, Домбыралы тауынан солтүстік-шығысқа қарай; Ақкөл ауданы.

Үлкен Тұкті, орманшылық, Сандықтау ауданы.

Ұрымқай Орман шаруашылығы, село, Бурабай ауданы. Қараңыз Красный Кордон, село.

III ТАРАУ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУ

Жалқы есімдерді құрылымына қарай топтастырудың түркі және славян ономастикаларында бірнеше жолдары қалыптастан. Т. Жанұзақов жалқы есімдерді (антропонимдер, топонимдер, космонимдер) құрылымына қарай: а) негізгі; ә) туынды; б) екі компонентті; в) көп компонентті деп бөледі [32, 61]. Қазіргі қазақ тілінде кеңінен тараған құрылымға, Т. Жанұзақовтың айтуынша, әртүрлі сөз табының біргігінен жасалған екі компоненттілер жатады.

О.А. Сұлтаньяев құрделі жалқы есімдерді екі құрылымдық типке бөледі: а) есімдерден жасалған атаулар; ә) етістіктен жасалған атаулар [33, 30].

Атаулардың құрамында түбір сөзді саны жағынан топтастыру компоненттер арасында синтаксистік қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Х.Ф. Искакованың сұрыптауында мұндан талдау кездеседі. Фалым құрделі жалқы есімдерді анықтаушы және предикативті деп бөледі. Ал анықтаушысы бар құрылымың өзін тәуелдік, сандық және бейімделуші компоненттеріне жіктелген [34, 163-171]. Қазақстан өлкесін зерттеген фалымдар топонимдерді компонент санына қарай бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, төртнегізді атаулар деп топтайды. Зоонимдерді талдаған Т.В. Линко атауларды жай және құрделі сөздерге бөледі [35, 120]. Фалымның мұндан құрылымдық топтастыруы екі және одан да көп сыңарлы сөздердің қай сөз таптар қатынасынан жасалғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Демек, түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға көп көңіл аударылған. Түркі ономастикасында кеңінен тарағаны бірнегізді және екінегізді атаулар.

Фалым О.Т. Молчановың пікірінше: «Түркі тілдерінде топонимдер компоненттері арасында белгілі бір байланысқа негізделген бірнегізді, екінегізді, үшнегізді, кей жағдайдаған одан да көпнегізді құрылымнан тұрады», деп есептеген [36]. Ол зерттеу материалы негізінде келесі тұжырымында жасайды: «Кұрделі немесе біріккен тұлғалы түркі географиялық атаулардың синтаксистік құрылымы мыналардан тұрады: 1) элементтердің қатынастық құрылымда келуі; 2) сөйленіс мәтінде бар сөздерден басқа сөздерді қолдану мүмкіндігінің болмауы; 3) компонент арасындағы синтаксистік байланыстың әлсіреуінен морфема біріккен жерінде гапология, ассимиляция мен диссимилиацияның орын алуы».

Н. Охунов, О. Бозоров сынды фалымдар түркі тілдер тобына кіретін өзбек және әзіrbайжан тілдеріндегі топонимдердің жасалу жолдарын зерттей отырып, олардың екі тілдегі жасалу жолдары бойынша үқастықтарын анықтай отырып, келесі пікірге тоқталған: «Жиналған материал негізінде «субъект + қымыл» дегенді білдіретін атау септігінде тұрған зат есімнің (Отучган) және «объект + қымыл» дегенді білдіретін табыс септігінде тұрған зат есімнің (Бедабосган, Олтинголған) негізінде жасалған атаулар екі тілде де кездескен» [37].

Орыс фалымдары жалқы есімдердің құрылымына көңіл бөле отырып, оларды бірнеше негіздерге қарай сұрыптаїды. Н.В. Подольская жалқы есімдерді талдай отырып, үш негізгі топқа бөлгөн: 1) бірнегізді атаулар; 2) екінегізді атаулар; 3) туынды [38, 72]. А.В. Суперанская жалқы есімдерді

зат есімді атаулар, сын есімді атаулар деп екіге бөлген. Фалым зат есімді атауларды дара, күрделі, зат есім қызметін атқаруышы тіркестер, ал сын есімді атауларды дара, күрделі, адъективті тіркестер деп топтастырған [39, 72]. В.Н. Попова, О.А. Сұлтанъяев жалқы есімдерді келесі құрылымдық типтерге жіктейді [40; 33]:

- 1) аффиксті тип;
- 2) аффиксіз тип;
- 3) сөз тіркестерінен құрылған атау;
- 4) сөздердің бірігі арқылы құрылған атау.

Барлық ғалымдар жалқы есімдерде көптеп қолданылатын қазақ және орыс тілдеріне тән сөзжасам, құрылымдық типтер мен аффикстерін көрсеткен. Демек, әрбір ономастикалық түрге тән өзіндік сөзжасам элементтері бар және олар бәрі бірдей қолданысқа түспейді.

Жалқы есімдерді құрылымына жіктеу түркі ономастикасында анықтаушы қатынастағы екінегізді атаулардың, ал орыс тілінде аффиксті типтердің басым екендігін жоғарыда көлтірілген жалқы есімдерді құрылымына топтастыру тарихына шолу ашып берді.

Ономастикалық қалыптарындағы қолданылған сөзжасам ерекшеліктерін талдау ар онимдердің зерттеуіне біртұтас бөлігі ретінде енеді.

Р.И. Козлов дифференциатор қалыптарындағы қолданылған сөзжасам түрлерін көрсеткен [41]:

1. уәжделмеген туынды белгінің қолданылуы;
2. тілде бар элементтерді қолдануымен, олардың өзін бірнеше топқа бөлген: а) іштей уәжделген лексика-сintаксistіk трансформация; ә) метафоралық семантикалық деривация; б) метонимиялық семантикалық деривация; в) іштей уәжделмеген; семантика-сintаксistіk трансформация;
3. жаңа атау бірлігін қалыптастыру.

Онимдердің жасалуының бірнеше тәсілі бар. Олар: трансонимдену, онимдену, метафора негізінде екіншілік атау.

Барлық ономастикалық разрядтар әркез өзара байланыста болады. В.И. Супрун өз бірліктерін басқаға беретін күшті разрядтар және өз атау тізімін басқа разрядтар бірлігі арқылы қалыптастыратын әлсіз разрядтар деп бөледі. Антропонимдер үнемі топонимдерге аудысып отырады және, керісінше, топонимдер антропонимдерге аудысып отырады [42].

Трансонимдену – жаңа жалқы есімдерді белгілі атаудың басқа онимдік разрядқа көшу арқылы жасалу жолының түрі. Трансонимдену үдерісі үзліссіз болып жатады, атау берушілер оған көніл бөліп жатпауы да мүмкін.

Мысалы, табиғи аудысу: Алматы қаласы → Үлкен / Кіші Алматы өзені; жасанды аудысу, мысалы: «Көкжиеқ» ықшамауданы → «Көкжиеқ» дүкені → Көкжиеқ» кафесі.

Бір нысаннан екінші бір нысанға атаудың жеңіл ауысуы кез келген оним түрін зерттегендегі, ең алдымен, онимдік бірліктерден жаңа атау жасау болатынын дәлелдейді, тек содан кейін ғана жалпы есімдерге назар аудару керек, себебі жалқы есімдердің жалпы есімдерден қалыптасуы – онимдік қордың толықтырылуының бір жолы ғана. Жалқы есімдерден жалқы есімдердің жасалуы маңызды тәсіл болып саналады.

Әр атау объектілерді атап қоймай, сонымен бірге оны танытады. Атау беруде әртүрлі ажыратқыш белгілер: халықтың нағым-сенімі, тәжірибесі, мәдениеті, т.б. уәждік рөл атқарады.

Уәж (мотив) – тілдік құбылыс ретінде бір белгінің атау арқылы көрсететін акті, атау берер алдында қолданылатын ең маңызды сатысы. Уәждену - лексикологияның сез бен үғымның атау беру кезіндегі байланысын, сонымен қатар, сөздердің уәждену қалпының қарастыратын белгісі [43, 11]. Сонымен, уәж – атауда көрсетілген бір заттың ерекшелік белгісі. Ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс тіршілігімен сабактасып жатқан белгілі бір затты танып-білуде ажыратқыш белгілерді қолдануы жайында Ж.А. Манкеева былай атап көрсеткен: «Қандай да болмасын заттың атауы тек атап қана қоймай, сонымен қатар, оны танытады. Ал тану, я анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайларға аясында іске асқандықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әртүрлі болады» [44].

Н.В. Подольскаяның анықтауынша, уәжделген деп кез келген жалқы есімдердің атау берудегі уәжді ашуға мүмкіндік беретін негізі бар, кішкене де болса елең беретін мағынасы бар атауларды айтады [38]. Атаудың уәжі объектіге атау таңдаудағы экстралингвистикалық себептері болып табылады. Ономастикалық материалдың уәжді және уәждемеген деп бөлінуі дәстүрлі. Бұл қатынастардың дамуы жайында лингвистикада, сонымен қатар, ономастикада жазылған еңбектер көп. Олар В.Т. Топоров, А.Н. Ященко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде бейнеленген [45; 165].

Әртүрлі ұжым бір заттың өзінің қунделікті тәжірибесінде кездесіп қолданылатын жағынан танылып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратының белгілі. Яғни ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс тіршілігі, тәжірибесі, салт-дастүрі, нағым-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталаған бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды. Мұндай ажыратқыш белгілер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, түрі-түсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, басқа затқа қатысы, т.б. әртүрлі ішкі және сыртқы қасиеттер. Тіл білімінде ол белгілердің көбі өзгеріп, көмексіленіп, әртүрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты ұмытылуы да мүмкін. Бірақ атау тілде өмір суре береді [46, 248]. Атаулардың қалыптасуы туралы тұжырымдар лингвистикадан басқа философиялық, логикалық, тарихи, т.б. материалдар негізінде құрылуы тиіс. Ж.А. Манкееваның жоғарыда айтылған атаулардың қалыптасуы жөніндегі пікірі О.Т. Молчанованың зерттеуіндегі жалқы есімдердің қалыптасуына негіз болатын факторларды анықтауымен сабактасып жатыр [44]. Олар:

Тәжірбие. Объектінің өз ерекшелігі, орналасқан жері, т.б. Адам санасында объектінің сапасын, ұсынылатын өнімін көрсету барысында объектінің бейнесі пайда болады.

Жеке және жалпы психология. Атау беру үдерісінде адамдардың жеке және жалпы психологиясының орны ерекше.

Қоғамның маңызы. Атаулардың қалыптасып бекітілуіне қоғамның тигізер асері мол.

Сыртқы жағдай. Сыртқы жағдай атауларға асерін тигізіп отырады.

А.С. Рамазанова атаулар объектілердің белгілі бір қажеттерімен байланысы бар ма, жоқ па, олардың қоғамдық даму процесімен тығыз байланыстылығын, адамзаттың болмысына қатынасын билдіретін құбылыс екендігін айтқан болатын [47].

Ат қою (номинация) – тіл біліміндегі ең курделісі және қыны. Ол адам санаы мен қоршаган заттың құбылыстың байланысын және дүние таным мен ұғымдарды белгілеу жүйесін қарастырады. Екіншілік атау - барлық тілдерде, соның ішінде қазақ және орыс тілдерінде тараған курделі құбылыс.

А.Ф. Журавлеваның анықтамасы бойынша, біріншілік атау - атауы жоқ затқа ат қою акті, ал екіншілік атау - жаңа затқа қолданылып жүрген атауды беру [48, 50]. Екіншілік атау - жаңа атауды тілде бұрыннан қалыптасқан атау арқылы жасайтын тілдік құбылыс. Бұрынның қолданған атауды жаңа атау ретінде қолдану механизмін зерттеу екіншілік атаудың көп аспекттілі, көп қырлы тілдік құбылыс екендігін көрсетеді. Тілдегі бұрынан қалыптасқан номинативті бірлікті жаңа семантикалық қызмет атқаруышы ретінде қолдану жаңа жаңе бастанқы мағынасының ішкі байланысының болуы мүмкінділігін тудырады. Алайда екіншілік атау бастанқы мағынасынан тәуелсіз болуы да мүмкін. Атау беруші субъект объектінің сипаттарын талдай отырып, басқа да белгілі объектілердің атауларымен байланыстырады. Ол жаңадан ескіге оралады. Олардың ұқастықтарын белгілей отырып, таныс үйренешіктіре арқа сүйеп, жаңа атау береді. Ұқастық белгілерін салыстыра отырып, объектінің басқа объектілерден белек бір белгісіне тоқталады. Екіншілік атау процесін зерттеу осындағы ұқастық белгілерін іздестіру арқылы іске асады. Ұғымдардың бір-біріне ықпалын белгілеу төмөндеғідей жасалады:

- 1) екі объектінің белгілі бір сипатына қарай ұқастықтары арқылы;
- 2) екіншілік атау негізіндегі объектілердің ұқастық белгілері атау ретінде бұрынның арқылы жасалады.

Қолданылып жүрген сөздің мағынасында объектінің сипатынан хабар көбірек болса, сол сөзді объектінің атауы ретінде қолдану мүмкіндігі артық. Дайын сөзді объектінің атауы ретінде қолдану - уәжін таңдау осымен түсіндірледі.

А.В. Суперанская өзінің «Общая теория имени собственного» атты монографиясында атау берудің екі түрі қолданылады деп көрсеткен. Біріншісі - объектінің орнын, атқаратын қызметін көрсетуші нақты атаулар. Екіншісі

Ақмола облысы топонимдері

- аталмыш объектінің атқаратын қызметін жанамалап сілтейтін символдық атаулар [49, 194].

Үәж түрлерін екіге бөлуге болады:

1. Бағалау уәжі. Белгілі бір объектінің атауы оны анықтайтын сипатымен уәжденеді. Үәжді қолдану адамның атау берілетін объектіге қатынасын көрсетеді. Сондықтан атау сөздер өздерінің атаушы қызметін атқарып, жасырын (имплицитті) немесе ашық (эксплицитті) бағасын көрсетеді.
2. Ономастикалық уәжі. Жалқы есім мен жалпы есім арасында бір-біріне ықпал және ауысу болып тұрады. Қөп жағдайда жалқы есім мен жалпы есімнен қалыптасқан. Бірақ жалқы есімнің жалқы есімнен қалыптасқан түрлері де кездеседі.

Түркі ономастикасында жалқы есімдердің құрылымдық типін анықтауға көп көніл аударылған. Түркі ономастикасында кеңінен тарағаны бірнегізді және екінегізді атаулар.

Біз қарастырып отырған Ақмола облысы топонимдерінде бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді типтері анықталды.

Диаграмма – 2. Бірнегізді топонимдер




Диаграмма – 3. Екінегізді топонимдер

Екінегізді топонимдер





Диаграмма – 4. Үш және одан да көпнегізді топонимдер

Үш және одан да көпнегізді топонимдер



Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді топонимдер ішінде оійконимдер саны басым, бұл жалпы ойокнимдер санының басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге оійконимдерде кіcisі есімдерден, яғни антропоойконимдер саны көбірек.

Жиналған материалдар бойынша екіншілік атауды екіге бөліп қарастыруға болады: 1. Семантикалық екіншілік атау. Сөзжасам - ат қоюдың негізгі элементі. Бірақ сөзжасамнан ат қою үдерісі кен: сөзжасам ат беру қызметін атқарады, ал атау беру тек қана сөзжасам арқылы жасалмайды. Атау беру тілде бар сөздің трансформациялануы немесе лексикалық бірлікті қолдану арқылы жасалады. Бір обьекті атауының екінші бір обьектіге ауысыу үқсастықтарымен немесе уәждерінің бірдей болуымен түсіндірледі.

Семантикалық екіншілік атауда бірнеше сөз тіркестері анықталды. Оларды мынадай жүйемен көрсетуге болады.

Кесте – 5. Семантикалық екіншілік атаудағы сөз тіркестері

Nº	Қабылдау аспектілері	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Үдеріс нәтижесі (жағымсыз)	Торайөлген	комоним
2.	Бағыт пен термин-индикатор	Ортакөл	лимноним
3.	Бастау орны	Басқұдық	комоним
4.	Сапасы	Ащысай	потамоним
6.	Заттық бірлік	Тұлкілі	комоним
7.	Kіңі аты мен термин-индикатор	Рақымжанқора	комоним
8.	Бағыт пен пішін және термин-индикатор	Оңтүстік құдықсай	ороним
9.	Жер рельефи (/түс) мен географиялық термин	Сарыадыр	комоним
10.	Мифтік таным (жағымсыз)	Шайтанды	ороним

Біз бұл жүйе арқылы сөз тіркестері түріндегі біріншілік атау мен екіншілік атау арасында тоқтатуға келмейтін (қайтарымсыз, жағымсыз) үдеріс, түс және пішін, бастау орны аспектілері болатынын сөз тіркестерінен анықтадық.

2. Морфологиялық екіншілік атау. Жаңа атаудың белгілі бір аффикстер, біріккен сөздер арқылы жасалуын морфологиялық екіншілік атау дейміз. Мұндай атауды төмендегідей жүйемен көрсетуге болады.

Кесте – 6. Морфологиялық екіншілік атау

Nº	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Жалғай	Ұрымқай диірмен+і	комоним
2.	Жұринақ	Тұлкі+ен+ген	комоним
3.	Біріккен сөздер	Темір (зат есім) +тай (зат есім) +өзек (зат есім)	комоним
4.	Біріккен сөздер	Тас+үй+ген (зат есім+ есімше)	ороним
5.	Жұринақ	Тер+ле+ген	ороним
6.	Біріккен сөздер	Көшек+қонған	комоним
7.	Жұринақ	Үлкен Тал+дық	лимноним
8.	Жұринақ	Шағала+лы	лимноним
9.	Біріккен сөздер	Ағаш+талдық	ороним
10.	Аббревиатура	ДЭСУ 450	комоним

Морфологиялық екіншілік атап жалғау, жүрнақ, біріккен сөздер, аббревиатура ақылы қалыптасатынын анықтадық.

Түркі, соның ішінде қазақ топонимиясына аналитикалық және синтетикалық екі негізгі құрылымдық модельдер өнімді болып келетін жеке сөзжасам тәсілі тән [31].

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: *Ағашталдық, Бектасоба, Бауыркөл, Балықтықөл т.б.;*
- анықтауыш - қосымша: *Сарыадыр, Сарыбұлақ, Кіші Ақтөбе, Биттейқарағай т.б.*
- тәуелдік тіркес: *Үримқай Диірмені, Есіл көпірі, Жібек жолы т.б.;*
- есімшелі және етістікті тіркестер: *Көшекқонған, Тасүйген, Терісаққан, Томаркескен, Терлеген, Торайөлген т.б.*

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. Ақмола облысы топонимиясы үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық - етістіктен сын есім жасайтын аффикс: *Үлкен Тал+дық, Ағаш Тал+дық, Былқыл+дақ т.б.;*
- сын/сін бүйрек рай аффиксі: *Бікте+сін т.б.*
- лы/лі/ды/ді/ты/ті - көптік мәнді реликтік аффикс: *Шағалалы, Тұлқілі, Борлы, Ағашты, Бұқалы т.б.;*
- ған/ген/қан/ген - есімше аффиксі: *Терлеген, Торайөлген т.б.;*
- ша - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: *Абылайша т.б.*

Зерттеу барысында Ақмола облысы топонимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: *Бұлак, Зират, Қөл, Бекет т.б.;* термин-индикаторлық компонент + аффикс: *Қөл+шік, Бұлақ+ты т.б.;* термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: *Тоған+қөл, Батлақ+қөл, т.б.*

Реттік форма+ термин-индикатор: *Үшінши+телім, Бесінші Бригада;*

Көптік форма: *Еңбекшіл+дер т.б.*

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: *Ақшакөл, Кішкене Майқөл, Ұлытөбе т.б.;* комплеттивті: *Көшекқонған, Тасүйген, Есенаман, Торайөлген, Терісаққан, Ханқашты* предикативті байланыс байқалады.

Сонымен бірге, Ақмола облысы топонимдері иррадиация (берілген нысанның географиялық атап негізінің басқа, жақын жатқан нысандарға таралуы) және антитетза (қарама-қайшылық) негізінде қалыптасқаны айқындалды.

Иrradiация негізінде қалыптасқан атаулар:



Жыланда атауы жыландардың тау, қоңыс, тәбешік, өзендерде көп болуы мүмкін. Бұл атау негізінде қайсысы бастапқы, қайсысы иррадиация нәтижесі екендігін аңғару қыын.



Обалы атауы «үйіліп жатқан тас» дегенді білдіреді, бұл атау о баста тау, тәбешік не шоқы атауы ретінде қалыптастып көл атауы ретінде иррадиация негізінде қалыптасуы мүмкін.



Ақжар атауы, негізінен, «топырағы алыстан тақырланып, ағарып көрініп жататын» тау, тәбелерге тағылатын, дегенмен кісі есімінен қалыптасуы да мүмкін. Сондықтан да комонимдерге атау ретінде о баста тағылып, өзенге иррадиация негізінде тағылуы да мүмкін немесе тау, тәбе атауы өзгергенімен гидроним мен комоним атаулары өзгеріссіз қалуы да мүмкін. Ондай жағдайда комонимдер де иррадиация нәтижесі болуы әбден мүмкін.

Антитета: кіші (20) – үлкен (120), жақсы (210) – жаман (90), ак (85) – қара (105), жаңа (25) – ескі (7), бас (8) – аяқ (6):

Кіші Ашылы – Үлкен Сарыоба

Кіші Басұрман – Үлкен Шабақты

Кіші Қамыс – Үлкен Шарықты

Кіші Қаракөл – Үлкен Бұркітті

Жақсы Қайрақты – Жаман Қайрақты

Жақсы Жалғызтау – Жамантауз

Жақсы Тұкті – Жаманшұбар

Жақсытұз – Жамантөбе

Ақауыл - Қаратүбек
Ақбалишық - Қаратөбе
Ақбаза - Қаратая
Ақбұлақ - Қаратомар

Жаңажол - Есқі Бабатай
Жана Қалқұттан - Есқі Мұқыр
Жанадала - Ескіемір
Жана Жабай - Есқі Қойтас

Баскөл - Аяқкөл
Басбұлақ - Аяққұдық
Басқамыс - Аяқ Майтөбе
Басқұдық - Аяқ Қонырден

Тілді антропология тұрғысынан зерттеу - маңызды. Тілді сөйлеушінің іс-әрекеті (психолингвистика), қоршаған ортанды тану, қабылдау, қорыту және тілдік белгілермен көрініс табуы (когнитивті лингвистика), оның қоғамдағы рөлі мен сөйлеу әрекеті (әлеуметтік лингвистика) арқылы тану - біршама ғылым салаларын туғызып қана қоймай, іргелі зерттеулерге негіз болды.

Жоғарыда аталған антитета негізіндегі бинарлық атаулардың қалыптасуында тілді тұтынушының мақсаттары қандай болды деген мәселені қарастыру да қызығушылығының тудырды. Мәселен, профессор Т.Жанұзақтың Жаманқара атауын талдау нәтижесінде ой қорытуын дұрыс деп қабылдауга болады: «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдіреді» [17].

Алайда «Құрамында «жаман» сөзі келетін жер-су аттары республиканың барлық аймағында кездеседі. Ол «нашар» мағынасында қолданылса, кейде монғол, тәжік тілдеріндегі «чаман» сезінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген күйінде жұмысалады. Біздің байқауымызша, тәжік тіліндегі «чаман» - «көк шалғын», «майса», «жазық алан» сезінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Оған тәжік тіліндегі «Чаманбұлақ», «Чаманқулы» атаулары толық айғақ. Сөз басындағы ч/ш дыбыстары ж дыбысына алмасқан сияқты» деген нұсқалары да кездеседі [17]. Демек, топоним құрамындағы «жаман» сезінің мағынасы екінші компонентке байланысты болуы мүмкін.

Ғалым Е.Қойшыбаев «жақсы/жаман» бинарлы оппозициялы сөздердің семасиологиялық мәнінен басқа ономасиологиялық мәні болатынын да айта келе, этнонимдер құрамында ерекше мәнге ие болатынын білдірген [20]. Сонымен бірге Жақсы атауы жеке келсе, ертедегі ру атауына байланысты дегенді білдіреді. Ал жаман сөзі топоним құрамында «кіші» деген мәнге де ие бола алады [20].

Сол сияқты топонимдер құрамындағы «ақ/қара» бинарлы ұғымдар да тұс мағынасын ғана емес, сонымен бірге «ағу, таза, ірі, үлкен, жер» т.б. мәндерге ие болатыны және «аяқ/бас» бинарлы ұғымдардағы «аяқ» сөзі - тәменгі жақтағы,

соңғы мәнін білдірсе, «бас» сөзі – «жоғары жақтағы», «алғашқы, бастапқы» деген ұғымдарды білдіретіні жайлы ономаст-ғалымдар айтып кеткен.

Б.Бияров «жаңа/ескі» бинарлық ұғымдарға қатысты мынадай деректерді келтіреді: «Жаңа сын есімі тіркесті топонимдер де жасайды және өзен, судың «жаңа арнаға аунауын»; елді мекеннің «жаңа орынға көшірілуін»; «жаңа өмірге, қоғамдық құрылышқа ауысқанын» т.б. білдіреді» және «Ескі сын есімі «көне, ескірғен» мағынасын беріп, жаңа сын есіміне бинарлық позицияда болады. Сонымен бірге «тозған, бұрынғы, дағдылы» сияқты семалық реңктері де бар» [29].

Сонымен бірге «үлкен/кіші» бинарлық ұғымдарға қатысты: «Кіші сын есімі «кішкентай, шағын, азғантай» көлемдік мәндері арқылы жер-су атын жасауға қатысады. Алайда біріккен атауларға қарағанда, үлкен сын есіміне қарсы мәнде қолданылатын тіркесті атаулар басым болып келеді» деген пікірі де көнілге қонымды [29].

Диаграмма - 5. Термин-индикатор негізінде қалыптасқан топонимдер

Термин-индикатор негізінде қалыптасқан топонимдер




Диаграмма негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданысқа түсken. Бұл облыс аумағында көлдердің көп болуына қарай, көл ерекшелігін нақыштайтын атаулардың басым болуына байланысты болса керек. Сонымен бірге көл атауынан иррадиация негізінде тараған атауларға да байланысты.

Ақмола облысы топонимдерінің қалыптасуында көптеген ономтұзууші тәсілдер қолданылғаны анық. Қарапайым халық атау түзуде қай тәсіл арқылы қалыптастыруын ойлап жатпайтыны анық, алайда уәж негізінде қалыптасқан

атау қазіргі қазақ тілінің нормаларына сай келетіні халық даналығының айғағы. Сонымен, облыс топонимдерін қалыптастыруда халық саналы/санасыз түрде аналитикалық, синтетикалық, иррадиация, антитеза тәсілдерін қолданған. Сонымен бірге топонимдердің құрылымы басқа түркі тілдеріндегідей бірнегізді, екінегізді, үш және одан да көпнегізді болып келеді. Алайда екінегізді топонимдер басым екені зерттеу барысында айқындалды.

Құрамында термин-индикаторлары бар топонимдердің разряд түрлері негізінде «көл» термин-индикаторы компонент ретінде жиі қолданылғаны айқындалды. Мұның жауабы облыстың жер-рельефтік ерекшелігінде болса керек. Топоним құрылымының неліктен тап осындаі болатыны, неліктен осы компоненттер қолданылды деген сұрақтардың психологиялық жауабын іздеу мақсатында да зерттеу жүргізуге болады.

3.1

Ойконимдердің құрылымы

3.1.1

Комонимдердің құрылымы

Бірнегізді: Абай, Абылай, Ағанас, Ағашты, Адыр, Азат, Айдарлы, Ақан, Байпақ, Бұзылық, Бұқалы, Домбыралы, Достық, Егемен, Жағыпар, Жайдай, Жайнақ, Жалаңаш, Жалпақ, Инелікті, Кейкі, Келте, Кемпір, Майқы, Майлан, Мақпал, Малай, Мамай, Манаш, May, Намаз, Насыр, Ортақшыл, Орындық, Оспан, Өзек, Өлеңті, Өлмес, Өндіріс, Өркендеу, Өрнек, Өрікті, Өтеміс, Рамазан, Сабақты, Сабынды, Сарғалдақ, Суалды, Суалма, Табылма, Табын, Тайпак, Талды, Үлтарақ, Үкі, Үлгі, Үлгілі, Үлкен, Үңгір, Шабырлы, Шағалалы, Шалаулы, Шалғай, Шалқар, Шат, Ынталы, ыңқақ, ысмағұл, ыстаған.

Екінегізді: Азынабай, Айғабак, Айғаш, Айғыржал, Айдабол, Айдарлықөл, Айнакөл, Айпара, Айтбақ, Айтжан, Айтмола, Ақадыр, Ақауыл, Ақбаза, Ақбай, Ақбалшық, Ақбас, Ақбейіт, Ақбулақ, Ақдермене, Ақжар, Байжігіт, Байқожа, Байқұтты, Баймағамбет, Баймен, Баймырза, Баймыш, Бұзаутөбе, Бүйраратқөл, Дәңгілағаш, Егінағаш, Жайлаубай, Жайлышбет, Жалғызғаш, Жалғызтал, Жалдытомар, Жалманқұлак, Имантерек, Инембидайық, Итмұрын, Кемпірбұлак, Кенебай, Кенжебай, Кеналым, Майлыйбай, Майлышқара, Майтұп, Майшүқыр, Найзатомар, Нарынбай, Ортақұдық, Ортасай, Орташат, Орташахай, Орынбай, Өмірзак, Өріктісай, Райымбет, Сабырқұдық, Сайліют, Салдырағаш, Сандықтау, Сиырөлген, Тазкөл, Тайжан, Тайтөбе, Тақтайқұдық, Талбөгет, Тастыөзек, Тастысай, Тасты-Талды, Теренсай, Тікенқұдық, Тікқара, Уорхор, Ұзынкөл, Ұлыжол, Ұлықөл, Үкібай, Үлгіалған, Үшбатыр, Үшбидайық, Үшқалмақ, Шабаққөл, Шеткіаяқ, Шибүт, ыбыраймолда.

Үш не одан да көпнегізді: Тайқулаққыстау, Дүкенқарасу, Наурызбай Батыр, Ошаққарасу, Өтешқарасу, Рақымжанкора, Рақымжан Қошқарбаев, Үлкен Ақсу, Үшқарасу.

Кесте – 7. Ойконим түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атап

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атап	Екіншілік атап
2.	Жұрнақ	Инелікті	ойконим
3.	Біріккен сөздер	Иман+терек	ойконим
4.	Біріккен сөздер	Өтеш+қара+су	ойконим
5.	Жұрнақ	Ортақшыл	ойконим
6.	Біріккен сөздер	Бай+мырза	антропоийконим
7.	Жұрнақ	Аған+ас	ойконим
9.	Жұрнақ	Тал+ды-Тас+ты	ойконим
10.	Біріккен сөздер	Рақым+жан+қора	ойконим
11.	Әпентеза	Аға(ы)нас	ойконим

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Дүкенқарасу, Егінтомар, Жақаңкөл, Жабайкөл т.б.;
- анықтауыш – қосымша: Жаманқұлақ, Жалтыркөл, Ескіемір т.б.
- тауелдік тіркес: Үрымқай Диірмені, Еіл көпірі т.б.;
- есімшелі және етістікті тіркестер: Қөшекқонған, Томаркескен т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. ойконимдер үшін есімді сөзжасам модельіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық – етістікten сын есім жасайтын аффикс: Былқыл+дақ т.б.;
- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: Қарағайлы, Қойтас-Талды, Теректі, Тұлкілі т.б.;
- ған/ген/қан/ген – есімше аффиксі: Қөшекқонған, Томаркескен, Тұлкіенген т.б.;
- ша – үстеге мәнді аффикс: Абылайша т.б.

Зерттеу барысында ойконимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: Ұлақ, Батпак, Теніз т.б.; термин-индикаторлық компонент + аффикс: Ұлақ + ты; т.б.; термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: Құдық+сай, Ұлақ+сай, т.б.

Реттік форма: Бесінші;

Көптік жалғаулы: Еңбекшіл+дер, т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Жаманқұлақ, Жалтыркөл, Ескіемір т.б.; комплетивті: Қөшекқонған, Томаркескен, Тұлкіенген байланыс байқалады.

3.1.2

Астионимдердің құрылымы

Екінегізді: Нұрсұлтан, Ақкөл

Кесте – 8. Астионим түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атау

Nº	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Біріккен сөздер	Нұр+сұлтан	антропоастионим
2.	Біріккен сөздер	Ақ+көл	астионим
3	Біріккен сөздер	Степно+гор+ск	астионим
4	Біріккен сөздер	Ат+бас+ар	астионим
5	Жүрнақ	Макин+ск	астионим
6	Біріккен сөздер	Ес+іл	астионим
7	Біріккен сөздер	Көк+ше+тау	астионим

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Нұрсұлтан т.б.;
ә) анықтауыш – қосымша: Ақкөл, Көкшетау т.б.
в) есімшелі және етістікті тіркестер: Атбасар т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. астионимдер үшін есімді сөзжасам модельнен келесі аффикстер тән:

- ар - есімше аффиксі: Атбасар т.б.;
- ше - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: Көкшетау т.б.

Зерттеу барысында астионимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: Ес+іл т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Ақкөл, Көкшетау т.б.; комплетивті: Атбасар байланыс байқалады.

3.2

Гидронимдердің құрылымы

3.2.1

Лимнонимдердің құрылымы

Бірнегізді: Абылайша, Ағанас, Ағашты, Айдарлы, Айт.

Екінегізді: Айдабол, Айдаркөл, Айдарлықөл, Айнабұлак, Айнакөл, Ақанкөл, Ақбасты, Ақжар.

Кесте – 9. Лимноним түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атау

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
2.	Жұрнақ	Зерен+ді	лимноним
3.	Біріккен сөздер	Зым+бұлақ	потамоним
4.	Біріккен сөздер	Жар+сор	лимноним
5.	Жұрнақ	Көкпек+tі	потамоним
6.	Біріккен сөздер	Жар+лы+көл	лимноним
9.	Жұрнақ	Ит+ем+ген	лимноним
10.	Біріккен сөздер	Талды+көл	лимноним

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Талдықөл, Тоғансай, Тоқанкөл, Тоқсай т.б.;

Ақмола облысы топонимдері

- ә) анықтауыш – қосымша: Торышілік, Үлкенбұлак, Жаңыс Қайрақты т.б.
б) есімшелі және етістікті тіркестер: Тоқсалған, Балакескенсор, Бекіткенөзек, Қүйікқалған т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. лимнонимдер үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық - етістіктен сын есім жасайтын аффикс: Былқыл+дақ, Ағаштал+дық т.б.;
- лы/лі/ды/ді/ты/ті - көптік мәнді реликтік аффикс: Қайрақты, Қоғалықөл, Мұқтікөл т.б.;
- ған/ген/қан/ген - есімше аффиксі: Тоқсалған, Балакескенсор, Бекіткенөзек т.б.;
- ша - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: Қаратайша т.б.

Зерттеу барысында гелионимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: Адыр, Бастау, т.б.; термин-индикаторлық компонент + аффикс: Су + лы; т.б.; термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: Қыстау+көл, Бекет+көл, Батпақ+көл т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Қарақоға, Қарасай, Қарашілік т.б.; комплетивті: Арқанбөліс, Балакескенсор, Бекіткенөзек байланыс байқалады.

3.2.2

Гелионимдердің құрылымы

Бірнегізді: Айдарлы.

Екінегізді: Ақкөл, Ақсу, Ақтомар, Алакөл.

Кесте – 10. Гелионим түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атаяу

Nº	Жасалу жолдары	Біріншілік атаяу	Екіншілік атаяу
3.	Біріккен сөздер	Ақ+көл	гелионим
4.	Біріккен сөздер	Ақ+су	гелионим
6.	Біріккен сөздер	Ақ+томар	гелионим
9.	Жұрнақ	Айдар+лы	гелионим
10.	Біріккен сөздер	Ала+көл	гелионим

Аналитикалық топонимдердің қалыптастасуы келесіге негізделеді:

- қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Ботағаш, Бортас, Бауырқөл, Суатқөл т.б.;
- анықтауыш – қосымша: Жалтыртомар, Жаманкөл, Жаманқопа, Жиренкөл, Ортакөл т.б.
- есімшелі және етістікті тіркестер: Күйентомар, Күйікқалған, Бекіткенөзек т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. гелионимдер үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- дақ/дық - етістіктен сын есім жасайтын аффикс: Былқылдақ т.б.;
- лы/лі/ды/ді/ты/ті - көптік мәнді реликтік аффикс: Бұылтықты, Шағалалы, Шандықөл, Қайрақты т.б.;
- ған/ген/қан/ген - есімше аффиксі: Күйентомар, Шаңыраққойған т.б.;
- ша - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: Қаратайша т.б.

Ақмола облысы топонимдері

Зерттеу барысында гелионимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: Қыстау+көл, Шұңқыр+көл, Батпақ+көл, Суат+көл т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Сарықөл, Семізкөл, Ұзынағаш, Жалтыртомар т.б.; комплетивті: Қүйгентомар, Қүйікқалған, Бекіткенөзек байланыс байқалады.

3.3

Оронимдердің құрылымы

Бірнегізді: Азат, Абай, Ағанас, Адыр, Айғыр, Айдарлы.

Екінегізді: Ағашталақ, Айбас, Айғыржал, Айпар, Айсай, Ақбидай, Ақдала, Ақдән, Аққан, Аққара, Аққора, Ақ Құсақ, Ақмола, Ақоба, Ақсай, Ақсенгір, Ақсирақ.

Үш не одан да көпнегізді: Ақсақ Әлімбет.

Кесте – 11. Ороним түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атап

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атап	Екіншілік атап
1.	Жұрнақ	Қоян+ды	ороним
2.	Жұрнақ	Айдар+лы	ороним
3	Біріккен сөздер	Айғыр+жал	ороним
4	Біріккен сөздер	Ақ+дала	ороним
5	Біріккен сөздер	Ағаш+тал+дық	ороним
6	Біріккен сөздер	Ақ+тәбе	ороним
7	Біріккен сөздер	Ақ+сенгір	ороним

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Сандақтау, Намазқұл, Шайтантәбе т.б.;
- анықтауыш – қосымша: Жуантәбе, Кіші Майлан, Жақсы Жалғызтау, Кіші Шат, Қызылсүре, Алтынтау т.б.
- тәуелдік тіркес: Мұқанның шоқысы, Қыздың Төбесі т.б.
- есімшелі және етістікті тіркестер: Байтер, Нарөлген, Айыртау, Алғабас т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. оронимдер үшін есімді сөзжасам модельіне келесі аффикстер тән:

Ақмола облысы топонимдері

- дақ/дық – етістікten сын есім жасайтын аффикс: Бұрқыл+дақ, Былқыл+дақ т.б.;
- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: Елікті, Жақсы Түкті, Шарықты, Домбыралы, Жыланды т.б.;
- ған/ген/қан/ген – есімше аффиксі: Биесойған, Нарөлген т.б.;
- ша/-ше - зат есімнің рең мәнін жасайтын аффикс: Көкше т.б.

Зерттеу барысында гелионимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: Бастау, Батпак, Бұлак, Жарт.б.; термин-индикаторлық компонент + аффикс: Су + лы; т.б.; термин-индикаторлық компонент + термин-индикаторлық компонент: Ес+іл, Батпақ+көл, Жар+көл, Жар+сор т.б.

Көптік жалғаулы: Еңбекшіл+дер т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Жуантебе, Кіші Майлан, Жақсы Жалғызтау, Кіші Шат, Қызылсүре, Алтынтау т.б.; комплетивті: Биесойған, Нарөлген байланыс байқалады.

3.4

Некронимдердің құрылымы

Бірнегізді: Бағаналы, Қараша, Сопы т.б.

Екінегізді: Айтимер, Алтыаяқ, Байегіз, Көсемола, Қожамола, Тезекбай т.б.

Кесте - 12. Некроним түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атау

Nº	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
1.	Біріккен сөздер	Айтым+ер	некроним
2.	Біріккен сөздер	Кен+сай	некроним
3	Біріккен сөздер	Көсем+мола	некроним
4	Біріккен сөздер	Қожа+мола	некроним
5	Жұрнақ	Тау+бұз+ар	некроним
6	Жұрнақ	Баян+ды	некроним

Аналитикалық топонимдердің қалыптасы қелесіге негізделеді:

- а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Балабейіт, Бескемпір т.б.;
- ә) анықтауыш – қосымша: Жаңасақал, Көсемола, Ұзынқырқа т.б.
- б) тәуелдік тіркес: Әпсікей Мазары, Қонқақтамы, Нұрғалы Тамы, Төлебай Мазары;

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. некронимдер үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикстер тән:

- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: Баянды т.б.;

Зерттеу барысында некронимдердің келесі құрылымы анықталған:

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Жаңасақал, Көсемола, Ұзынқырқа т.б.

3.5 Дромонимдердің құрылымы

Бірнегізді: Ағашты, Адыр, Азат, Ақан.

Екінегізді: Айсары, Ақкөл, Ақмола, Ақсу.

Кесте – 13. Дромоним түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атаяу

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атаяу	Екіншілік атаяу
1.	Жұрнақ	Ағаш+ты	дромоним
2.	Бірікken сөздер	Ай+сары	дромоним
3.	Бірікken сөздер	Ақ+көл	дромоним
4.	Бірікken сөздер	Ақ+мода	дромоним
5.	Бірікken сөздер	Ақ+су	дромоним
6.	Бірікken сөздер	Алтын+тау	дромоним

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Алтынтау, Қоржынкөл т.б.;
- анықтауыш - қосымша: Ақкөл, Ақмола, Ақсу, Барақкөл, Қараадыр т.б.
- есімшелі және етістікті тіркестер: Атбасар т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. гелионимдер үшін есімді сөзжасам модельне келесі аффикстер тән:

- лық/-лік – етістіктен сын есім жасайтын аффикс: Еркіншілік т.б.;
- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: Борлы-Қазак, Өлеңті, Шортанды т.б.;

Зерттеу барысында гелионимдердің келесі құрылымы анықталған: термин-индикаторлық компонент: Адыр, т.б.

Реттік форма+ термин-индикатор: II Көкшетау;

Көптік жалғаулы: Еңбекшіл+дер т.б.

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Ақкөл, Ақмола, Ақсу, Барақкөл, Қараадыр т.б.

3.6

Дримонимдердің құрылымы

Бірнегізді: Боқтан, Қожа, Қошқар, Молалы, Ұрымқай.

Екінегізді: Бароба, Имантерек, Кішітүкті, Қараағаш, Отынағаш, Сиырсойған, Табаққырған, Үлкен Түкті.

Кесте – 14. Дримоним түзілуіндегі морфологиялық екіншілік атауы

№	Жасалу жолдары	Біріншілік атау	Екіншілік атау
2.	Жүрнақ	Мола+лы	дримоним
3.	Біріккен сөздер	Бароба	дримоним
4.	Біріккен сөздер	Кіші+түкті	дримоним
6.	Біріккен сөздер	Қара+ағаш	дримоним
10.	Біріккен сөздер	Сиыр+сой+ған	дримоним
11	Біріккен сөздер	Табақ+қыр+ған	дримоним

Аналитикалық топонимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

- а) қаралапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: Имантерек, Отынағаш т.б.;
- ә) анықтауыш - қосымша: Қараағаш т.б.
- б) есімшелі және етістікті тіркестер: Сиырсойған, Табаққырған т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

1. дримонимдер үшін есімді сөзжасам модельіне келесі аффикстер тән:

- лы/лі/ды/ді/ты/ті - көптік мәнді реликтік аффикс: Кіші Түкті, Молалы, т.б.;
- ған/ген/қан/ген - есімше аффиксі: Сиырсойған, Табаққырған т.б.;

Синтаксистік тәсіл: төлсипатты: Қараағаш т.б.; комплетивті: Сиырсойған, Табаққырған байланыс байқалады.



IV ТАРАУ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
ТОПОНИМДЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН
РӘСІМДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Географиялық атаулардың кез келген халық үшін маңызы зор. Топонимдер - мемлекет тұтастырының кепілі. Адамзат санасында жер-су атаулары бағыт-бағдар қызметін атқарып келеді.

Топонимдерді рәсімдеуде маңызды бірнеше бағытты анықтап көрсету қажет:

- барлық ономаст-ғалымның түпкі мақсаты - нысандарға ерекшелігін көрсететін, адрестік қызмет атқаратын, ұлттық нақыштағы атауларды тағу. Мәселен: Үйжығылған, Ұшанкөл, Кіші Ақсу, Обалысай, Сандықтау, Үлкен Бүркітті, Жуантебе, Оқжетпес, Қурексалды, Биесойған, Құркіреуіксай т.б.;
- кісі есімінен қалыптасқан атаулар бұрыннан бар: олар алғашында қыстау, жайлauнекүзеудіңесікімекендігінанғартатын болса, кейінірек идеологиялық мәндегі атаулар, бертін келе елдің дамуына айтарлықтай қызмет еткен қоғам, мәдени қайраткерлерінің есімі тағылатын болды. Осындағы басты мәселе - кісі есімінен қалыптасқан топонимдердің санын барынша азайту қажет;
- кісі есімін атау ретінде қолдану бойынша ескеретін нәрсе: тарихта есімі қалған, тек тарихта есімін халық сақтаған ұлы тұлғалардың есімін беру. Мәселен, Шал ақын, Төле би, Балуан Шолак, Бегенбай би сынды;
- белгілі бір нысан, айтальық, тау атауын маңындағы көлге, елді мекенге, орманға, батпаққа тағу белгілі бір шектеуді қажет етеді, яғни тау атауы елді мекен, көлге тағылса, батпақ, өзен, орман атауы тек нысаннның өз ерекшелігі негізінде қалыптасуы қажет;
- нысандарға өзге мемлекеттердегі топонимдерді атау ретінде қолдану шектелуі қажет, себебі, біріншіден, мемлекетіміздің тұтастығына нұксан келтіреді, екіншіден, жер бедері, флорасы мен фаунасы т.б. нысан ерекшелігі бойынша еш ақпарат бермейді, үшіншіден, ұлттық танымға сай келмейді;
